

## Патент құқығы туралы шартты ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 мамырдағы № 430-IV Заңы

2000 жылғы 1 маусымда Женевада қабылданған Патент құқығы туралы шарт мынадай ескертпемен ратификациялансын: «Қазақстан Республикасы Патент құқығы туралы шарттың 23-бабына сәйкес аталған Шарттың 6 (1)-бабының ережелері Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес халықаралық өтінімге қолданылатын өнертабыс бірлігіне қатысты ешқандай талапқа қолданылмайды деп мәлімдейді.».

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті    Н. Назарбаев*

## ПАТЕНТ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ ШАРТ

### МАЗМҰНЫ

1 - б а п	Қ ы с қ а р т ы л ғ а н	о р а м д а р
2 - б а п	Ж а л п ы	қ а ғ и д а т т а р
3-бап	Шарт қолданылатын өтінімдер мен	патенттер
4-бап	Қауіпсіздікке қатысты	ерекшелік
5 - б а п	Б е р у	к ү н і
6 - б а п		Ө т і н і м
7 - б а п		Ө к і л д і к
8-бап	Хабарламалар;	мекенжайлар
9 - б а п		Х а б а р л а у л а р
10-бап	Патенттің жарамдылығы;	күшін жою
11-бап	Мерзімге қатысты	жеңілдіктер
12-бап	Ведомство тиісті шаралар қабылдану немесе алдын ала ниеттенбеу фактісін анықтағаннан кейін құқықтарды қалпына келтіру	
13-бап	Басымдықты талап етуді түзету немесе толықтыру;	басымдық құқығын қалпына келтіру
14 - б а п		Н ұ с қ а у л ы қ
15-бап	Париж конвенциясымен	байланыс
16-бап	Патенттік кооперация туралы шарттың қайта қаралуының, оған енгізілген түзетулер мен өзгерістердің	қолданылуы
17 - б а п		А с с а м б л е я
18 - б а п	Х а л ы қ а р а л ы қ	б ю р о
19 - б а п	Қ а й т а	қ а р а у л а р
20 - б а п	Ш а р т қ а	қ а т ы с у

21-бап	Шарттың күшіне енуі; ратификациялар мен қосылулардың күшіне ену күндері
22-бап	Шартты қазіргі өтінімдер мен патенттерге қолдану
23-бап	Ескертпелер
24-бап	Шарттың күшін жою
25-бап	Шарттың тілдері
26-бап	Шартқа қол қою
27-бап	Депозитарий; тіркеу

## 1-бап

### Қысқартылған орамдар

Егер өзгеше айқын көзделмесе, осы Шарттың мақсаты үшін:

(i) «ведомство» Уағдаласушы тараптың патенттер беруге немесе осы Шартпен реттелетін басқа да мәселелермен айналысуға уәкілеттік берілген органын білдіреді;

(ii) «өтінім» 3-бапта көрсетілгендей, патент беруге өтінімді білдіреді;

(iii) «патент» 3-бапта көрсетілгендей, патентті білдіреді;

(iv) «тұлғаға» сілтемелер, атап айтқанда жеке және заңды тұлғаны қамтитын ретінде т ұ с і н і л е д і ;

(v) «хабарлама» осы Шарт бойынша рәсімге байланысты немесе одан тыс ведомствоға өтінімге немесе патентке қатысты берілген кез келген өтінімді немесе кез келген қолдаухатты, өтінішті, құжатты, хат-хабарларды немесе өзге мәліметтерді б і л д і р е д і ;

(vi) «ведомствоның материалдары» осы өтінімдердің өздерін қоса алғанда, осы ведомствоға берілген өтінімдерге және осы патенттердің өздерін қоса алғанда, осы ведомство немесе басқа орган берген, тиісті Уағдаласушы тарапқа қатысты қолданылатын патенттерге қатысты мәліметтер сақталатын жеткізгішке қарамастан, ведомство сақтайтын осы мәліметтердің жиынтығын білдіреді;

(vii) «жазба енгізу» ведомство материалдарына мәліметтерді енгізу жөніндегі кез келген і с - ә р е к е т т і білдіреді;

(viii) «өтінім беруші» қолданылатын заңнама сәйкес ведомство материалдарында патентті сұраушы тұлға ретінде немесе өтінім беретін немесе ол бойынша іс жүргізетін басқа тұлға ретінде көрсетілген тұлғаны білдіреді;

(ix) «иеленуші» ведомство материалдарында патент иеленуші ретінде көрсетілген т ұ л ғ а н ы білдіреді;

(x) «өкіл» қолданылатын заңнамаға сәйкес өкілді білдіреді;

(xi) «қол» өзін-өзі сәйкестендірудің кез келген құралын білдіреді;

(xii) «ведомство қабылдаған тіл» ведомстводағы тиісті рәсім үшін ведомство қабылдаған кез келген тілді білдіреді;

(xiii) «аударма» ведомство қабылдаған тілге аударманы немесе тиісті жағдайларда

әліпбиді немесе нышандар жинағын пайдалану арқылы транслитерацияны білдіреді;

(xiv) «ведомстводағы рәсім» ведомствоның өтінім немесе патент бойынша іс жүргізуіндегі кез келген рәсімді білдіреді;

(xv) түпмәтіннен өзге мағына туындайтын жағдайларды қоспағанда, жекеше түрдегі сөздер көпше түрдегі сөздерді қамтиды және керісінше, орыс тіліндегі род категорияларының жіктеу өсімдіктері қамтылады;

(xvi) «Париж конвенциясы» қайта қараулар мен түзетулер ескеріле отырып, 1883 жылғы 20 наурызда қол қойылған өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясын білдіреді;

(xvii) «Патенттік кооперация туралы шарт» қайта қарауларды, түзетулер мен өзгерістер ескеріле отырып, осы Шартқа Нұсқаулықпен және Әкімшілік нұсқаулықпен бірге 1970 жылғы 19 маусымда қол қойылған патенттік кооперация туралы шартты («PCT») білдіреді;

(xviii) «Уағдаласушы тарап» осы Шарттың тарабы болып табылатын кез келген мемлекетті немесе үкіметаралық ұйымды білдіреді;

(xix) «қолданылатын заңнама» Уағдаласушы тарап мемлекет болып табылған жағдайда - осы мемлекеттің заңнамасын, ал Уағдаласушы тарап үкіметаралық ұйым болып табылған жағдайда, осы үкіметаралық ұйым негізге алып әрекет ететін нормативтік құжаттарды білдіреді;

(xx) «ратификациялау туралы құжат» қабылдау немесе мақұлдау туралы құжаттарды қамтушы ретінде қаралады;

(xxi) «Ұйым» Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын білдіреді;

(xxii) «Халықаралық бюро» Ұйымның Халықаралық бюросын білдіреді;

(xxiii) «Бас директор» Ұйымның Бас директорын білдіреді.

## **2-бап**

### **Жалпы қағидаттар**

(1) *[Неғұрлым қолайлы шарттар]* Уағдаласушы тараптың 5-бапты қоспағанда, өтінім берушілер мен иеленушілердің көзқарасы бойынша осы Шарт пен Нұсқаулықта аталған талаптарға қарағанда неғұрлым қолайлы болып табылатын талаптарды көздеуге құқығы бар.

(2) *[Патент құқығының материалдық нормаларын реттелудің болмауы]* Осы Шартта немесе Нұсқаулықта ешнәрсе Уағдаласушы тараптың патенттерге қатысты қолданылатын материалдық құқығын өзінің қалауы бойынша талап етуді ұйғару құқығынын ықтимал шектеу ретінде түсінілмеуге тиіс.

## **3-бап**

### **Шарт қолданылатын өтінімдер мен патенттер**

(1) *[Өтінімдер]* (а) Осы Шарттың және Нұсқаулықтың ережелері ведомствоға немесе Уағдаласушы тараптың ведомствосы үшін берілетін өнертабыстарға патенттерге және қосымша патенттерге берілетін ұлттық және өңірлік өтінімдерге қолданылады және:

(i) Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес халықаралық өтінімдер ретінде беруге рұқсат етілетін өтінімдер түрлері;

(ii) Париж конвенциясының 4G(1) немесе (2)-бабында көрсетілгендей, (i) тармақшасында аталатын өтінімдер түрлерінің ішінен өнертабыстарға патенттерге немесе қосымша патенттерге жеке өтінімдерді білдіреді.

(b) Патенттік кооперация туралы шарттың ережелерін ескере отырып, осы Шарттың және Нұсқаулықтың ережелері Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес өнертабыстарға патенттерге және қосымша патенттерге халықаралық өтінімдерге:

(i) Уағдаласушы тараптың ведомствосында Патенттік кооперация туралы шарттың 22 және 39(1)-баптарына сәйкес қолданылатын мерзімдерге қатысты;

(ii) осы Шарттың 23-бабына немесе 40-бабына сәйкес халықаралық өтінімді қарау немесе оның сараптамасының басталуы ықтимал күні немесе сол күннен кейін басталған кез келген рәсімге қатысты қолданылады.

(2) *[Патенттер]* Осы Шарттың және Нұсқаулықтың ережелері Уағдаласушы тарапқа қатысты қолданылуымен берілген өнертабыстарға ұлттық және өңірлік патенттерге және қосымша ұлттық және өңірлік патенттерге қолданылады.

#### **4-бап**

#### **Қауіпсіздікке қатысты ерекшелігі**

Осы Шартта және Нұсқаулықта ешнәрсе кез келген Уағдаласушы тараптың өзі қауіпсіздіктің маңызды мүдделерін қамтамасыз ету үшін қажетті деп санайтын кез келген әрекетті алдын ала жасау құқығын шектемейді.

#### **5-бап**

#### **Беру күні**

(1) *[Өтінімнің элементтері]* (а) Уағдаласушы тарап, егер Нұсқаулықта өзгеше көзделмесе және (2)-(8)-тармақтардың ережелері ескеріле отырып, өтінім берушінің таңдауы бойынша қағазда немесе беру күнінің мақсаты үшін ведомство рұқсат ететін өзге де тәсілмен ұсынылған мына төмендегі барлық элементтерді:

(i) осы элементтердің өтінімге арналғанын анық немесе астарлап түсіндіретін нұсқауды;

(ii) ведомствоға өтінім берушіні анықтауға немесе өтінім берушімен байланысуға мүмкіндік беретін нұсқауларды;

(iii) сырттай сипаттама сияқты көрінетін бөлігін оның ведомствосы алған күн

өтінімді беру күні болатынын көздейді.

б) Уағдаласушы тарап беру күнінің мақсаты үшін (а)(iii) тармақшада аталған элемент ретінде сызбаны қабылдауы мүмкін.

с) Уағдаласушы тарап беру күнінің мақсаты үшін өтінім берушінің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтермен бірге, сондай-ақ ведомствоға өтінім берушімен байланысуға мүмкіндік беретін мәліметтерді ұсынуды талап ете алады немесе ол өтінім берушінің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін немесе ведомствоға өтінім берушімен байланысуға мүмкіндік беретін дәлелдемелерді (а)(ii) тармақшада аталған элемент ретінде қабылдай алады.

(2) [Тіл] (а) Уағдаласушы тарап (1)(а)(i) және (ii)-тармақта аталған нұсқаулардың ведомство қабылдаған тілде ұсынылуын талап ете алады.

(b) (1)(а)(iii) тармақшада аталған бөлік беру күнінің мақсаты үшін кез келген тілде ұсынылуы мүмкін.

(3) [Хабарлау] Егер өтінім Уағдаласушы тарап (1) және (2)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір немесе бірнеше талаптарды қанағаттандырмаса, ведомство осындай кез келген талапты орындауға және Нұсқаулықпен ұйғарылған мерзім ішінде ескертулерді беруге мүмкіндік бере отырып, ол туралы өтінім берушіге неғұрлым тез а р а д а х а б а р л а й д ы .

(4) [Талаптарды кейін орындау] (а) Егер бастапқы берілген өтінімде Уағдаласушы тараптың (1) және (2)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір немесе бірнеше талаптары орындалмаса, (b) тармақшасы мен (б)-тармақты ескере отырып, Уағдаласушы тараптың (1) және (2)-тармақтарға сәйкес қолданатын барлық талаптары кейін орындалған күн б е р у к ү н і б о л ы п т а б ы л а д ы .

(b) Егер (а) тармақшасында аталған бір немесе бірнеше талаптар Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде орындалмаған жағдайда, Уағдаласушы тарап өтінім берілмеді деп есептеуді көздей алады. Егер өтінім берілмеген болып есептелсе ведомство тиісті себептерді көрсете отырып, ол туралы өтінім берушіге хабарлайды.

(5) [Сипаттаманың немесе сызбаның жетіспейтін бөлігіне қатысты хабарлау] Егер беру күнін белгілеу кезінде ведомство өтінімде сипаттаманың бір бөлігі болмауы мүмкін немесе өтінімде болмауы мүмкін сызбаға сілтеме жасалып отыр деп есептесе, ведомство ол туралы өтінім берушіге дереу хабарлайды.

(6) [Сипаттаманың немесе сызбаның жетіспейтін бөлігін ұсынған жағдайда беру күні] (а) Егер сипаттаманың жетіспейтін бөлігі немесе жетіспейтін сызба ведомствоға Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде берілсе сипаттаманың бұл бөлігі немесе сызба өтінімге енгізіледі және (b) және (с) тармақшалары ескеріле отырып, ведомство сипаттаманың осы бөлігін немесе осы сызбаны алған күн немесе (1) және (2)-тармақтарға сәйкес Уағдаласушы тарап қолданатын барлық талаптар орындалған күн, олардың қайсысы неғұрлым кеш болып табылатынына байланысты, беру күні болып т а б ы л а д ы .

(b) Егер сипаттаманың жетіспейтін бөлігі немесе жетіспейтін сызба (1)(a)-тармақта аталған бір немесе бірнеше элементтерді алғашқы рет ведомство алған күні бұрынғы өтінімнің басымдығы сұратылатын өтінімде (a) тармақшаға сәйкес олардың қалып қойғанын түзету үшін ұсынылса, Нұсқаулықта белгіленген мерзім ішінде және Нұсқаулықта ұйғарылған талаптар ескеріле отырып, өтінім берушінің берген қолдаухаты бойынша Уағдаласушы тараптың (1) және (2)-тармақтарға сәйкес қолданатын барлық талаптар орындалған күн өтінім берген күн болып табылады.

(c) Егер (a) тармақшаға сәйкес ұсынылған сипаттаманың жетпейтін бөлігі немесе жетпейтін сызба Уағдаласушы тарап белгілеген мерзім ішінде алып қойылса, Уағдаласушы тарап (1) және (2)-тармақтарға сәйкес қолданатын барлық талаптар орындалған күн беру күні болып табылады.

(7) [Сипаттаманы және сызбаны бұрын берілген өтінімге сілтеме жасап ауыстыру] (a) Нұсқаулықта ұйғарылған талаптар ескеріле отырып, өтінімді беру күні мақсатында ертерек берілген өтінімге ведомство қабылдаған тілде өтінім беру кезінде жасалған сілтеме сипаттама мен кез келген сызбалардың орнына жүреді.

(b) (a) тармақшада аталған талаптар орындалмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептелуі мүмкін. Егер өтінім берілмеген болып есептелсе ведомство тиісті себептерді көрсете отырып, ол туралы өтінім берушіге хабарлайды.

(8) [Ерекшеліктер] Осы бапта ешнәрсе:

(i) өтінім берушінің Париж конвенциясының 4G(1) немесе (2)-бабына сәйкес осы бапта аталған жеке өтінім беру күні ретінде осы бапта аталған бастапқы өтінім күнін және тиісті жағдайларда басымдық құқығының үстемдігін сақтау құқығын;

(ii) Уағдаласушы тараптың Нұсқаулықта ұйғарылған кез келген түрдегі өтінімге алдыңғы өтінімді беру күні үстемдігін беру үшін қажетті кез келген талаптарды қолдану құқығын шектемейді.

## **6-бап**

### **Өтінім**

(1) [Өтінімнің нысаны немесе мазмұны] Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе Уағдаласушы тараптардың бірде-біреуі:

(i) Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес халықаралық өтінімдерге қатысты көзделген нысанына немесе мазмұнына қатысты талаптардан;

(ii) Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес орындалуын осы Шартқа қатысушы кез келген мемлекеттің ведомствосы не осы мемлекет үшін қызмет ететін ведомство аталған Шарттың 23-бабында аталғандай, халықаралық өтінімді қарау немесе сараптау басталысымен талап ете алатын нысанына немесе мазмұнына қатысты талаптардан ;

(iii) Нұсқаулықта ұйғарылған басқа да кез келген талаптардан айырмашылығы бар

немесе оларға қатысты қосымша болып табылатын өтінімнің нысанына немесе мазмұнына қатысты кез келген талапты орындауды талап ете алмайды.

(2) [Өтінім бланкісі] (а) Уағдаласушы тарап Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес халықаралық өтінім өтінішінің мазмұнына сай келетін өтінім мазмұны осы Уағдаласушы тарап ұйғарған өтінім бланкісінде ұсынылуын талап ете алады. Уағдаласушы тарап сондай-ақ (1)(ii)-тармақта жол берілген немесе (1)(iii)-тармаққа сәйкес Нұсқаулықта ұйғарылған мазмұнның кез келген басқа да элементтері өтінімнің осы бланкісінде ұсынылуын талап ете алады.

(b) (а) тармақшасының ережелеріне қарамастан және 8(1)-бапты ескере отырып, Уағдаласушы тарап (а) тармақшасында аталған мазмұнды Нұсқаулықта көзделген өтінім бланкісінде ұсынуға мүмкіндік береді.

(3) [Аударма] Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосы қабылдаған тілден өзге тілде жасалған өтінімнің кез келген бөлігін аударуды талап ете алады. Уағдаласушы тарап сондай-ақ Нұсқаулықта ұйғарылғандай, ведомство рұқсат беретін тілде жасалған өтінімнің бөліктерін ведомство рұқсат беретін кез келген басқа тілдерге аударуды т а л а п е т е а л а д ы .

(4) [Баждар] Уағдаласушы тарап өтінімге қатысты баж төлеуді талап ете алады. Уағдаласушы тарап өтінім беруге баждарды төлеуге қатысты Патенттік кооперация туралы шарттың ережелерін қолдана алады.

(5) [Басым құжат] Егер алдыңғы өтінім басымдығы сұратылса, Уағдаласушы тарап, егер алдыңғы өтінім ведомство қабылдағаннан өзге тілде жасалса, бұрынғы өтінімнің көшірмесі мен аудармасының Нұсқаулықта ұйғарылған талаптарға сәйкес ұсынылуын т а л а п е т е а л а д ы .

(6) [Дәлелдемелер] Уағдаласушы тарап өтінім бойынша іс жүргізу дәрісінде өзінің ведомствосына, егер бұл ведомствоның осы материалдың шынайылығына немесе осы аударманың дәлдігіне қатысты күмәндануына негіздер болса ғана, (1) немесе (2)-тармақта аталған материалға, не (3) немесе (5)-тармақта немесе басымдық туралы өтініште аталған кез келген аудармаға қатысты дәлелдемелердің ұсынылуын талап ете а л а д ы .

(7) [Хабарлау] Уағдаласушы тарап (1)-(6)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда, ведомство нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде өтінім берушіге кез келген осындай талапты орындау және ескертулер беру мүмкіндігін бере отырып, хабарлайды.

(8) [Талаптарды орындамау] (а) Уағдаласушы тарап (1)-(6)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде Уағдаласушы Тарап (b) тармақша мен 5 және 10-баптарды ескере отырып, өзінің заңнамасында көзделген санкцияны қолдана алады.

b) Егер басымдықты талап етуге қатысты Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде (1), (5) немесе (6)-тармақтарға сәйкес Уағдаласушы тарап қолданатын қандай да бір талап

орындалмаса, 13-бап ескеріле отырып басымдық талап етілген жоқ деп есептеледі. 5(7)(b)-бап ескеріле отырып ешқандай өзге санкциялар қолданыла алмайды.

## 7-бап

### Өкілдік

(1) [Өкілдер] (a) Уағдаласушы тарап кез келген рәсімнің мақсаты үшін ведомстводағы тағайындалған өкіл:

(i) қолданылатын заңнама негізінде ведомствода өтінімдер мен патенттерге қатысты істерді жүргізуге құқылы болуын;

(ii) өзінің мекенжайы ретінде Уағдаласушы тарап ұйғарған аумақтағы мекенжайды көрсетуін талап ете алады.

(b) (c) тармақша ескеріле отырып, ведомстводағы өкіл кез келген рәсімге қатысты жүзеге асыратын немесе (a) тармақшасына сәйкес Уағдаласушы тарап қолданатын талаптарды сақтайтын өкілге қатысты жүзеге асырылатын әрекеттің, өтінім беруші, иеленуші немесе басқа мүдделі тұлға жүзеге асыратын немесе осы өкілді тағайындаған жоғарыда аталған тұлғаларға қатысты жүзеге асырылатын іс-әрекеттің қолдану күші болады.

(c) Уағдаласушы тарап ант берген немесе салтанатты түрде мәлімдеме жасаған, не сенімхат күшін жойған жағдайда, өкілдің қолы осы өкілді тағайындаған өтінім беруші, иеленуші немесе мүдделі тұлға қолының күшін сақтамайтынын көздей алады.

(2) [Міндетті өкілдік] (a) Уағдаласушы тарап, өтінімге қатысты құқықтық мирасқор, өтінім беруді, иеленуші немесе өзге де мүдделі тұлға ведомствода өтінімге қатысты мынадай рәсімдерге байланысты:

(i) беру күнінің мақсаты үшін;

(ii) жай ғана баж төлеумен;

(iii) Нұсқаулықта ұйғарылған кез келген басқа рәсіммен;

(iv) (i)-(iii) тармақшаларда аталған кез келген рәсімге қатысты ведомствоның қолхат беруімен немесе хабарлауымен байланысты дербес әрекет ете алатынын қоспағанда, өтінім беруші, иеленуші немесе өзге де мүдделі тұлға ведомствода кез келген рәсімді жүзеге асыру мақсатында өкіл тағайындауын талап ете алады.

(b) Күшінде ұстау үшін бажды кез келген тұлға төлей алады.

(3) [Өкіл тағайындау] Уағдаласушы тарап Нұсқаулықта ұйғарылған тәсілмен ведомствоға өкіл тағайындалғаны туралы хабарлауға жол береді.

(4) [Өзге талаптарға тыйым салу] Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе немесе Нұсқаулықта ұйғарылмаса, бірде бір Уағдаласушы тарап осы тармақтар реттейтін мәселелерге қатысты (1)-(3)-тармақтарда аталғандардан өзге формальды талаптардың орындалуын талап ете алмайды.

(5) [Хабарлау] Уағдаласушы тарап (1)-(3)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір



немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда, ведомство өтінімге қатысты құқықтық мирасқорға, өтінім берушіге, иеленушіне немесе өзге де мүдделі тұлғаға Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде осындай кез келген талапты орындауға және ескертулерді беруге мүмкіндік бере отырып хабарлайды.

(6) [Талаптарды орындамау] Уағдаласушы тарап (1)-(3)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда, Уағдаласушы тарап Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде өзінің заңнамасында көзделген санкцияны қолдана алады.

## 8-бап

### Хабарламалар; мекенжайлар

(1) [Хабарламалар берудің нысаны мен құралдары] (a) 5(1)-бапқа сәйкес өтінім беру күнін белгілеуді қоспағанда және 6(1)-бапты ескере отырып, Нұсқаулық (b)-(d) тармақшаларды ескере отырып, Уағдаласушы тарапқа хабарламаларды берудің нысаны мен құралдарына қатысты қолдануға рұқсат етілген талаптарды белгілейді.

(b) Бірде-бір Уағдаласушы тарап хабарламалардың тек қана қағазда берілуіне жол беруге міндетті емес.

(c) Бірде-бір Уағдаласушы тарап хабарламалардың қағазда берілуін болдырмауға міндетті емес.

(d) Бірде-бір Уағдаласушы тарап мерзімді сақтау мақсатында хабарламалардың қағазда берілуіне жол береді.

(2) [Хабарламалар тілі] Осы Шартта немесе Нұсқаулықта өзгеше көзделмесе, Уағдаласушы тарап хабарламаның ведомство қабылдаған тілде берілуін талап ете алмайды.

(3) [Үлгілік халықаралық бланкілер] (1)(a)-тармақтың ережелеріне қарамастан және (1)(b)-тармақты және 6(2)(b)-бапты ескере отырып, Уағдаласушы тарап, егер Нұсқаулық оны көздесе, хабарламаның мазмұнын осындай хабарламаға қатысты Нұсқаулықта көзделген үлгілік халықаралық бланкіге сәйкес келетін бланкіде ұсынуға жол береді.

(4) [Хабарламалардың қолы] (a) Егер Уағдаласушы тарап кез келген хабарламаның мақсаты үшін қол қоюды талап етсе, осы Уағдаласушы тарап Нұсқаулықпен ұйғарылған талаптарға жауап беретін кез келген қол қоюға жол береді.

(b) Бірде-бір Уағдаласушы тарап, кез келген квази сот талқылауларын немесе Нұсқаулықта ұйғарылған жағдайларды қоспағанда, оның ведомствосына жіберілген кез келген қолды куәландыруды, нотариалды куәландыруды, түпнұсқалылығын куәландыруды, заңды етуді немесе өзге куәландыруды талап ете алмайды.

(c) (b) тармақшаны ескере отырып, Уағдаласушы тарап, егер ведомствоның кез келген қолдың түпнұсқалылығына қатысты күмәндануына негізі болғанда ғана,

ведомствоға дәлелдемелер ұсынуды талап ете алады.

(5) *[Хабарламалардағы нұсқаулар]* Уағдаласушы тарап кез келген хабарламада Нұсқаулықта ұйғарылған бір немесе бірнеше нұсқаулардың қамтылуын талап ете алады.

(6) *[Хат алмасу мекенжайы, заңдық құжаттарды табыс ету мекенжайы және өзге де мекенжайлар]* Нұсқаулықта ұйғарылған кез келген ережелерді ескере отырып, Уағдаласушы тарап өтінім берушіден, иеленушіден немесе басқа мүдделі тұлғадан кез келген х а б а р л а м а д а :

(i) х а т а л м а с у м е к е н ж а й ы ;

(ii) заңдық құжаттарды табыс ету мекенжайы;

(iii) Нұсқаулықта көзделген кез келген басқа мекенжайды көрсетуін талап ете алады.

(7) *[Хабарлау]* (1)-(6)-тармақтарға сәйкес Уағдаласушы тарап хабарламаларға қатысты қолданатын бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда, ведомство өтінім берушіге, иеленушіге немесе өзге де мүдделі тұлғаға Нұсқаулықта ұйғарылған мерзімде оған осындай кез келген талапты орындауға және ескертулер беруге мүмкіндік бере отырып х а б а р л а й д ы .

(8) *[Талаптарды орындамау]* Уағдаласушы тарап (1)-(6)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда, Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде Уағдаласушы тарап 5 және 10-баптарды және Нұсқаулықта ұйғарылған кез келген ерекшеліктерді ескере отырып, өзінің заңнамасында көзделген санкцияны қолдана алады.

## 9-бап

### Хабарлаулар

(1) *[Жеткілікті хабарлау]* Осы Шартқа немесе Нұсқаулыққа сәйкес ведомство 8(6)-бапқа сәйкес көрсетілген хат алмасу мекенжайына немесе заңдық құжаттарды табыс ету мекенжайына немесе осы ереженің мақсаты үшін Нұсқаулықта көзделген және осы хабарлауға қатысты ережелерге сәйкес келетін кез келген басқа мекенжайға жіберген кез келген хабарлау осы Шарт пен Нұсқаулықтың мақсаты үшін жеткілікті хабарлау б о л ы п т а б ы л а д ы .

(2) *[Егер байланысуға мүмкіндік беретін нұсқаулар ұсынылмаса]* Егер өтінім берушімен, иеленушімен немесе өзге де мүдделі тұлғамен байланысуға мүмкіндік беретін нұсқаулар ведомствоға ұсынылмаған болса, осы Шартта және Нұсқаулықта ешнәрсе Уағдаласушы тарапты осы өтінім берушіге, иеленушіге немесе өзге де мүдделі тұлғаға х а б а р л а у ж і б е р у г е м і н д е т т і е т п е й д і .

(3) *[Хабарламау]* 10(1)-бапты ескере отырып, егер ведомство өтінім берушіге, иеленушіге немесе өзге де мүдделі тұлғаға осы Шартқа немесе Нұсқаулыққа сәйкес кез

келген талаптың орындалмауы туралы хабарламаса, хабарлаудың осындай болмауы өтінім берушіні, иеленушіні немесе өзге де мүдделі тұлғаны осы талапты орындау міндетінен босатпайды.

## 10-бап

### Патенттің жарамдылығы; күшін жою

(1) *[Кейбір формальды талаптардың орындалмауы әсер етпейтін патенттің жарамдылығы]* Өтінімге қатысты 6(1), (2), (4) және (5) және 8(1)-(4)-баптарда аталған бір немесе бірнеше формальды талаптардың орындалмауы, формальды талапты орындамау әдейі алдаудың нәтижесі болып табылған жағдайларды қоспағанда, патенттің толық немесе жартылай күшін жою үшін немесе оны жарамсыз деп тану үшін негіз бола алмайды.

(2) *[Күшін жою немесе жарамсыз деп танудың ықтимал жағдайында ескертулер беру, өзгерістер немесе түзетулер енгізу мүмкіндігі]* Патент иеленушіге оның күшін жоюдың немесе патентті жарамсыз деп танудың ықтимал болуына байланысты ескертулерді ұсынуға және, егер бұған қолданылып жүрген заңнама сәйкес рұқсат берілсе қажетті ақылға сыйымды мерзім ішінде өзгерістер мен түзетулер енгізуге мүмкіндік берілмей толық немесе ішінара күшін жою алмайды немесе жарамсыз деп таныла алмайды.

(3) *[Арнайы рәсімдерге қатысты міндеттеменің болмауы]* (1) және (2)-тармақтар жалпы құқық қолдану рәсімдерінен өзгеше патент құқықтарын қорғауға арналған сот рәсімдерін енгізу жөнінде қандай да бір міндеттемені туғызбайды.

## 11-бап

### Мерзімге қатысты жеңілдіктер

(1) *[Мерзімді ұзарту]* Уағдаласушы тарап ведомстводағы рәсім барысында өтінімге немесе патентке қатысты іс-әрекет жасау үшін ведомство белгілеген мерзімді Нұсқаулықта ұйғарылған кезеңге ұзартуды, егер Нұсқаулықпен ұйғарылған талаптарға сәйкес ведомствоға ол туралы өтініш берілсе және осындай өтініш Уағдаласушы тараптың таңдауы бойынша:

(i) белгіленген мерзім аяқталғанға дейін; немесе  
(ii) белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, бірақ Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде берілсе, көздей алады.

(2) *[Іс жүргізуді жалғастыру]* Өтінім беруші немесе иеленуші ведомстводағы рәсім барысында өтінімге немесе патентке қатысты іс-әрекет жасау үшін Уағдаласушы тараптың ведомствосы белгілеген мерзімді сақтамаған жағдайда және, егер осы Уағдаласушы тарап (1)(ii)-тармаққа сәйкес мерзімді ұзартуды көздемесе, ол өтінім немесе патент бойынша іс жүргізуді жалғастыруды және, егер қажет болса осы өтінімге

немесе патентке қатысты өтінім берушінің немесе иеленушінің құқықтарын қалпына келтіруді, егер:

(i) Нұсқаулықта ұйғарылған талаптарға сәйкес ведомствоға ол туралы қолдаухат берілсе;

(ii) қолдаухат берілсе және өздеріне қатысты тиісті іс-әрекеттерді жасауға арналған мерзім қолданатын барлық талаптар Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде орындалса, көздейді.

(3) *[Ерекшеліктер]* Бірде-бір Уағдаласушы тараптан Нұсқаулықта ұйғарылған ерекшеліктерге қатысты (1) немесе (2)-тармақтарда аталған жеңілдікті көздеу талап етілмейді.

(4) *[Баждар]* Уағдаласушы тарап (1) немесе (2)-тармаққа сәйкес қолдаухатқа қатысты баж төлеуді талап ете алады.

(5) *[Өзге талаптарға тыйым салу]* Бірде-бір Уағдаласушы тарап, егер осы Шартта өзгеше көзделмесе немесе Нұсқаулықта ұйғарылмаса (1) немесе (2)-тармаққа сәйкес көзделген жеңілдікке қатысты (1)-(4)-тармақтарда аталғандардан өзге талаптардың орындалуын талап алмайды.

(6) *[Қабылданбауы ықтимал жағдайда ескертулер беру мүмкіндігі]* (1) немесе (2)-тармаққа сәйкес өтінім берушіге немесе иеленушіне ақылға қонымды мерзім ішінде қабылданбауы ықтимал болуына байланысты ескертулерді ұсыну мүмкіндігі берілмей қолдаухат қайтарылмайды.

## 12-бап

### **Ведомство тиісті шаралар қабылдау немесе алдын ала ниеттенбеу фактісін анықтағаннан кейін құқықтарды қалпына келтіру**

(1) *[Қолдаухат]* Өтінім беруші немесе иеленуші ведомстводағы рәсім барысында іс-әрекет жасауға арналған мерзімді сақтамаған және, егер бұл сақтамау тікелей өтінімге немесе патентке қатысты құқықтарды жоғалтуға әкеп соғатын жағдайда, егер:

(i) Нұсқаулықта ұйғарылған талаптарға сәйкес ведомствоға ол туралы қолдаухат берілсе;

(ii) қолдаухат берілсе және өздеріне қатысты аталған іс-әрекетті жасауға арналған мерзім қолданылатын барлық талаптар Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде орындалса;

(iii) қолдаухатта мерзімді сақтамау себептері көрсетілсе; және

(iv) ведомство, мерзімнің сақталмауы осы жағдайларда немесе Уағдаласушы тараптың тандауы бойынша тиісті шаралардың қабылдануына қарамастан орын алған, кез келген кешеуілдету алдын ала ниеттенбеген деп есептесе, Уағдаласушы тарап өтінім берушінің немесе иеленушінің тиісті өтінімге немесе патентке қатысты құқықтарын ведомствоның қалпына келтіруін көздейді.

(2) *[Ерекшеліктер]* Бірде-бір Уағдаласушы тараптан Нұсқаулықта ұйғарылған ерекшеліктерге қатысты (1)-тармаққа сәйкес құқықтарды қалпына келтіруді көздеу талап етілмейді.

(3) *[Баждар]* Уағдаласушы тарап (1)-тармаққа сәйкес қолдаухатқа қатысты баж төлеуді талап ете алады.

(4) *[Дәлелдемелер]* Уағдаласушы тарап (1)(iii) тармақшада аталған себептерді растайтын өтініштің немесе басқа дәлелдеменің ведомство белгілеген мерзім ішінде ведомствоға берілуін талап ете алады.

(5) *[Қабылданбауы ықтимал жағдайда ескертулерді беру мүмкіндігі]* (1) тармаққа сәйкес қолдаухат өтініші тарапқа ақылға қонымды мерзім ішінде қабылданбауы ықтимал болуына байланысты ескертулер беру мүмкіндігі берілмей, толық немесе ішінара қайтарылмайды.

### **13-бап**

#### **Басымдықты талап етуді түзету немесе толықтыру; басымдық құқығын қалпына келтіру**

(1) *[Басымдықты талап етуді түзету немесе толықтыру]* Егер Нұсқаулықта өзгеше ұйғарылмаса, Уағдаласушы тарап өтінімге («келесі өтінім») қатысты басымдықты талап етуді түзету немесе толықтыру мүмкіндігін, егер:

(i) Нұсқаулықта ұйғарылған талаптарға сәйкес ведомствоға ол туралы қолдаухат берілсе;

(ii) қолдаухат Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде берілсе; және

(iii) келесі өтінімді беру күні негізінде басымдық сұратылып отырған бәрінен ертерек өтінім берілген күннен бастап есептелетін басымдық мерзім аяқталған күннен кешіктірілмесе, көздейді.

(2) *[Келесі өтінімді кешіктіріп беру]* Уағдаласушы тарап 15-бапты назарға ала отырып, егер бұрынғы өтінімнің басымдығы сұратылатын немесе сұратылуы мүмкін өтінімнің («келесі өтінімнің») берілген күні басымдық мерзімі өткен күннен кеш, бірақ Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім шегінде болса, ведомствоның басымдық құқығын қалпына келтіруін, егер:

(i) Нұсқаулықта ұйғарылған талаптарға сәйкес ведомствоға ол туралы қолдаухат берілсе;

(ii) қолдаухат Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде берілсе;

(iii) қолдаухатта басымдық мерзімін сақтамау себептері көрсетілсе; және

(iv) ведомство келесі өтінімнің басымдық мерзім ішінде берілмеуі осы жағдайларда немесе Уағдаласушы тараптың таңдауы бойынша тиісті шаралардың қабылдануына қарамастан орын алған алдын ала ниеттенбеген деп есептесе, көздейді.

(3) *[бұрынғы өтінімнің көшірмесін ұсынбау]* Уағдаласушы тарап, егер 6(5)-бапқа

сәйкес талап етілетін бұрынғы өтінім көшірмесі ведомствоға 6-бапқа сәйкес Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде берілмесе, ведомствоның басымдық құқығын қалпына келтіруін, егер:

(i) Нұсқаулықта ұйғарылған талаптарға сәйкес ведомствоға ол туралы қолдау хат берілсе;

(ii) қолдау хат 6(5)-бапқа сәйкес Нұсқаулықта ұйғарылған бұрынғы өтінім көшірмесін беруге арналған мерзім ішінде берілсе;

(iii) ведомство көшірмелерді беру туралы қолдау хат бұрынғы өтінім берілген ведомствоға Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде берілді деп есептесе;

(iv) алдыңғы өтінімнің көшірмесі Нұсқаулықта ұйғарылған мерзім ішінде берілсе, көздейді.

(4) [Баждар] Уағдаласушы тарап (1)-(3)-тармақтарға сәйкес қолдау хат қатысты баж төлеуді талап ете алады.

(5) [Дәлелдемелер] Уағдаласушы тарап (2)(iii)-тармақта аталған себептерді негіздеу үшін кез келген өтінішті немесе өзге дәлелдемені ведомство белгілеген мерзім ішінде ведомствоға беруді талап ете алады.

(6) [Қабылданбауы ықтимал жағдайда ескертулер беру мүмкіндігі] (1)-(3)-тармақтарға сәйкес қолдау хат өтінуші тарапқа ақылға қонымды мерзім ішінде қабылданбауы ықтимал болуына байланысты ескертулер беру мүмкіндігі берілмей, толық немесе ішінара қайтарылмайды.

## 14-бап

### Нұсқаулық

(1) [Мазмұны] (a) Осы Шартқа қоса берілетін Нұсқаулық:

(i) өздеріне қатысты осы Шарт «Нұсқаулықта ұйғарылуы» тиіс екенін анық көздейтін мәселелерге;

(ii) осы Шарттың ережелерін орындау кезіндегі пайдалы егжей-тегжейліктерге;

(iii) әкімшілік талаптарға, мәселелерге немесе рәсімдерге қатысты қағидаларды қамтиды.

(b) Нұсқаулық сондай-ақ Уағдаласушы тарапқа:

(i) аты-жөнін немесе мекен-жайын өзгерту туралы жазбаны енгізу туралы;

(ii) өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі туралы жазбаны енгізу туралы;

(iii) лицензия немесе кепіл туралы жазбаны енгізу туралы;

(iv) қатені түзету туралы қолдау хаттарға қатысты қолдану рұқсат етілген формальды талаптарға қатысты қағидаларды көздейді.

(c) Нұсқаулық сондай-ақ Халықаралық бюронның көмегімен Ассамблеяның Үлгілік халықаралық бланкілерді қабылдауын, сондай-ақ 6(2)(b)-баптың мақсаты үшін өтініш бланкісін қабылдауын көздейді.

(2) *[Нұсқаулыққа түзетулерді енгізу]* (3)-тармақты ескере отырып Нұсқаулыққа кез келген түзетуді енгізу берілген дауыстардың төрттен үш бөлігін құрайтын көпшілігін т а л а п е т е д і .

(3) *[Бір ауыздылықты талап ету]* (а) Түзетулер тек қана бір ауызды шешіммен енгізілуі мүмкін Нұсқаулық ережелерін Нұсқаулық белгілей алады.

(b) Нұсқаулыққа (а) тармақшаға сәйкес Нұсқаулықта айқындалған ережелерге ережелерді қосуға немесе одан ережелерді алып тастауға әкеп соғатын кез келген түзетуді енгізу бір ауызды шешімді талап етеді.

(c) Бір ауыздылықтың болуын анықтау кезінде дауыс беру кезінде тек іс жүзінде берілген дауыстар ғана есепке алынады. Қалыс қалғандардың дауыстары есепке а л ы н б а й д ы .

(4) *[Шарт пен Нұсқаулық арасындағы алшақтық]* Осы Шарттың ережелері мен Нұсқаулық ережелері арасында алшақтық болған жағдайда, Шарттың ережелері қолданылады.

## **15-бап**

### **Париж конвенциясымен байланыс**

(1) *[Париж конвенциясын сақтау міндеттемесі]* Әрбір Уағдаласушы тарап патенттерге қатысты Париж конвенциясының ережелерін сақтайды.

(2) *[Париж конвенциясына сәйкес міндеттемелер мен құқықтар]*

а) Осы Шартта ешнәрсе Уағдаласушы тараптардың Париж конвенциясына сәйкес бір-біріне қатысты міндеттемелерінің күшін жоймайды.

(b) Осы Шартта ешнәрсе Париж конвенциясына сәйкес өтінім берушілер мен иеленушілердің пайдаланатын құқықтарын кемсітпейді.

## **16-бап**

### **Патенттік кооперация туралы шарттың қайта қаралуының, оған енгізілген түзетулер мен өзгерістердің қолданылуы**

(1) *[Патенттік кооперация туралы шарттың қайта қаралуының, оған енгізілген түзетулер мен өзгерістердің қолданылуы]* (2)-тармақты ескере отырып, 2000 жылғы 2 маусымнан кейін жасалған, осы Шарттың баптарына сәйкес келетін Патенттік кооперация туралы шартты кез келген қайта қарау, түзету немесе өзгерту, Ассамблея әрбір жеке жағдайда берілген дауыстардың төрттен үш бөлігін құрайтын көпшілігімен тиісті шешім қабылдайтын болса, осы Шарт пен Нұсқаулықтың мақсаты үшін қ о л д а н ы л а д ы .

(2) *[Патенттік кооперация туралы шарттың өтпелі ережелерінің қолданылмауы]* Патенттік кооперация туралы шарттың кез келген ережесі осы Шартқа қатысушы

мемлекетке не осындай мемлекеттің ведомствосына немесе осындай мемлекет атынан әрекет ететін ведомствоға қатысты осы Шарттағы түзетулерді қамтитын қайта қаралған немесе өзгертілген ережесі қолданылмайтынына байланысты осы ереже осы мемлекет және ведомство қолданатын заңнамаға қайшы келетін осындай уақыт бойы осы Шарттың немесе Нұсқаулықтың мақсатына қолданылмайды.

## 17-бап

### Ассамблея

(1) *[Құрам]* (a) Уағдаласушы тараптардың Ассамблеясы болады.

(b) Әрбір Уағдаласушы тараптан Ассамблеяда орынбасарлары, кеңесшілері және сарапшылары болуы мүмкін бір делегат өкілдік етеді. Әрбір делегат тек қана бір Уағдаласушы тарапты білдіре алады.

(2) *[Функциялар]* Ассамблея:

(i) осы Шартты сақтау мен дамытуға және оны қолдануға қатысты мәселелерді қарайды;

(ii) Халықаралық бюроның көмегімен 14(1)(c)-бапта көзделген Үлгілік халықаралық бланкілерді және өтініш бланкісін әзірлейді;

(iii) Нұсқаулыққа түзетулер енгізеді;

(iv) (ii) көзделген әрбір үлгілік халықаралық бланкіні және өтініш бланкісін, және (iii) көзделген әрбір түзетуді қолдану күніне арналған шарттарды белгілейді;

(v) 16(1)-бапқа сәйкес Патенттік кооперация туралы шартты кез келген қайта қарау, түзету немесе өзгерту осы Шарттың және Нұсқаулықтың мақсаты үшін қолданылатындығын шешеді;

(vi) осы Шарттан туындайтын барлық басқа функцияларды орындайды.

(3) *[Кворум]* (a) Мемлекеттер болып табылатын Ассамблея мүшелерінің жартысы кворумды құрайды.

(b) Егер қандай да бір сессияда онда өкілдік етілген, мемлекеттер болып табылатын Ассамблея мүшелерінің саны жартысынан кем, бірақ мемлекеттер болып табылатын Ассамблея мүшелерінің санына тең немесе үштен бір бөлігінен артық болса, (a) тармақшасының ережесіне қарамастан, Ассамблея шешімдер қабылдай алады, бірақ өзінің рәсім ережелеріне қатысты шешімдерді қоспағанда, Ассамблеяның барлық шешімдері төменде аталған шарттар орындалғанда ғана міндетті болады. Халықаралық бюро аталған шешімдерді мемлекеттер болып табылатын және өкілдік етілмеген Ассамблея мүшелеріне жібереді және оларға шешімдер жіберілген күннен бастап есептегенде үш ай мерзім ішінде олар осы шешімдерге дауыс беретінін, оларға қарсы екенін немесе дауыс беруден қалыс қалатындарын жазбаша түрде хабарлауды ұсынады. Егер осы мерзім аяқталғаннан кейін осындай тәсілмен дауыс берген немесе дауыс беруден қалыс қалған мүшелердің саны сессияның өзінде кворумға қол жеткізу үшін



мүшелердің жетіспеген санына жетсе, осындай шешімдер бір мезгілде қажетті көпшілік сақталған жағдайда күшіне енеді.

(4) *[Ассамблеяда шешімдер қабылдау]* (а) Ассамблея өз шешімдерін ымыраға келу негізінде қабылдауға ұмтылады.

(b) Шешімді ымыраға келу негізінде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, талқыланатын мәселе бойынша шешім дауыс беру арқылы қабылданады. Бұл жағдайда :

(i) мемлекет болып табылатын әрбір Уағдаласушы тарап бір дауысқа ие болады және тек қана өзінің атынан дауыс береді; және

(ii) үкіметаралық ұйым болып табылатын кез келген Уағдаласушы тарап өздерінің мүше мемлекеттері орнына дауыс беруге қатыса алады, бұл ретте дауыс саны осы Шартқа қатысушы болып табылатын оған кіретін мүше мемлекеттер санына тең болуы тиіс. Бірде бір осындай үкіметаралық ұйым, егер оның мүше мемлекеттерінің кез келгені өзінің дауыс беруге қатысу құқығын пайдаланса дауыс беруге қатыспайды, және керісінше. Одан басқа, егер осы Шартқа қатысушысы болып табылатын мүше мемлекеттердің кез келгені басқа осындай үкіметаралық ұйымның мүше мемлекеті болып табылса, және осы үкіметаралық ұйым дауыс беруге қатысса, бірде-бір мұндай үкіметаралық ұйым дауыс беруге қатыспайды.

(5) *[Көпшілік]* (а) 14(2) және (3), 16(1), сондай-ақ 19(3)-баптардың ережелерін ескере отырып, Ассамблея өзінің шешімдерін берілген дауыстардың үштен екі бөлігін құрайтын көпшілікпен қабылдайды.

(b) Қажетті көпшілікке қол жеткенін немесе жетпегенін анықтау кезінде дауыс беру кезінде іс жүзінде берілген дауыстар ғана есепке алынады. Дауыс беру кезінде қалыс қалғандардың дауыстары есепке алынбайды.

(6) *[Сессиялар]* Ассамблея кезекті сессиясына Бас директордың шақыруымен екі жылда бір рет жиналады.

(7) *[Рәсім қағидалары]* Ассамблея рәсімнің өз қағидаларын, оның ішінде төтенше сессияларды шақыру қағидаларын қабылдайды.

## 18-бап

### Халықаралық бюро

(1) *[Әкімшілік функциялар]* (а) Халықаралық бюро осы Шартқа қатысты әкімшілік функцияларды жүзеге асырады.

(b) Атап айтқанда, Халықаралық бюро отырыстарды дайындайды және Ассамблея Хатшылығының және Ассамблея құра алатын сарапшылар комитеттері мен жұмыс топтарының функцияларын атқарады.

(2) *[Ассамблея сессияларынан басқа отырыстар]* Бас хатшы Ассамблея құрған кез келген комитет пен жұмыс тобының отырысын шақырады.

(3) [Халықаралық бюроның Ассамблеядағы және басқа отырыстардағы рөлі] (а) Бас директор және Бас директор тағайындаған адамдар Ассамблеяның, Ассамблея құрған комитеттер мен жұмыс топтарының барлық отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қ а т ы с а д ы .

(b) Бас директор немесе Бас директор тағайындаған штаттағы қызметкер Ассамблеяның, (а) тармақшасында аталған комитеттер мен жұмыс топтарының *ex officio* х а т ш ы с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

(4) [Конференциялар] (а) Ассамблеяның нұсқауларына сәйкес Халықаралық бюро қайта қарау жөніндегі кез келген конференцияға дайындық жұмысын жүзеге асырады.

(b) Халықаралық бюро Ұйымға мүше мемлекеттермен, үкіметаралық және халықаралық және ұлттық үкіметтік емес ұйымдармен аталған дайындық жұмысына қатысты мәселелер жөнінде консультация жүргізе алады.

(c) Бас директор және Бас директор тағайындаған адамдар қайта қарау жөніндегі конференциялардағы талқылауларға дауыс беру құқығынсыз қатысады.

(5) [Басқа функциялар] Халықаралық бюро осы Шартқа байланысты оған жүктелген кез келген басқа функцияларды атқарады.

## 19-бап

### Қайта қараулар

(1) [Шартты қайта қарау] (2)-тармақтың ережелерін ескере отырып осы Шарт Уағдаласушы тараптардың конференцияларында қайта қаралуы мүмкін. Қайта қарау жөніндегі кез келген конференцияны шақыру туралы шешімді Ассамблея қабылдайды.

(2) [Шарттың кейбір ережелерін қайта қарау немесе оларға түзетулер] 17(2) және (6)-бапқа не қайта қарау жөніндегі конференция, не (3)-тармақтың ережелеріне сәйкес Ассамблея түзетулер енгізуі мүмкін.

(3) [Шарттың кейбір ережелеріне Ассамблея қабылдайтын түзетулер]

(а) Ассамблеяның 17(2) және (6)-бапқа түзетулер енгізу туралы ұсыныстарын кез келген Уағдаласушы тарап немесе Бас директор бере алады. Мұндай ұсыныстарды Бас директор Уағдаласушы тараптарға оларды Ассамблея қарағанға дейін кем дегенде 6 ай б ұ р ы н ж і б е р е д і .

(b) (а) тармақшасында көзделген ережелерге кез келген түзетуді қабылдау берілген дауыстардың төрттен үш бөлігін құрайтын көпшілікті талап етеді.

(c) (а) тармақшасында көзделген ережелерге кез келген түзету оны қабылдау туралы әрбір Уағдаласушы тараптың конституциялық рәсіміне сәйкес жүзеге асырылған жазбаша хабарлауды Бас директор Ассамблея осы түзетуді қабылдаған күніне оның мүшелері болған Уағдаласушы тараптардың төрттен үш бөлігінен алғаннан кейін бір айдан соң күшіне енеді. Аталған ережелерге осылайша қабылданған кез келген түзету осы түзету күшіне енген күніне барлық Уағдаласушы тарап,

сондай-ақ біраз уақыттан кейін Уағдаласушы тарап болатын мемлекеттер мен үкіметаралық ұйымдар үшін міндетті.

## 20-бап

### Шартқа қатысу

1) *[Мемлекеттер]* Париж конвенциясына қатысушы немесе Ұйымның мүшесі болып табылатын және оған қатысты осы мемлекеттің ведомствосы арқылы не басқа мемлекеттің немесе үкіметаралық ұйымның ведомствосы арқылы патенттер берілуі мүмкін кез келген мемлекет осы Шартқа қатысушысы бола алады.

(2) *[Үкіметаралық ұйымдар]* Кез келген үкіметаралық ұйым, егер кем дегенде бір мемлекет - осы үкіметаралық ұйымның мүшесі Париж конвенциясына қатысушы немесе Ұйымның мүшесі болып табылса және осы үкіметаралық ұйым өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес тиісті түрде осы Шартқа қатысушы болуға уәкілетті екенін мәлімдесе және :

(i) мүше мемлекеттерге қатысты қолданылатын патенттерді беруге құзыретті; немесе

(ii) осы Шарт реттейтін мәселелерге қатысты құзыретті, өзінің барлық мүше мемлекеттері үшін міндетті тиісті өз заңнамасы бар екенін және ол осы заңнамаға сәйкес өзі патент беруге уәкілетті екенін немесе өңірлік ведомствосына өз аумағында қолданылатын патенттерді беру мақсатында уәкілеттік бергенін мәлімдесе, осы Шартқа қатысушы бола алады.

(3) тармақты ескере отырып, осындай кез келген мәлімдеме ратификациялау немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыру кезінде жасалады.

(3) *[Өңірлік патенттік ұйымдар]* Еуропалық патенттік ұйым, Еуразиялық патенттік ұйым және Африка өңірлік өнеркәсіптік меншік ұйымы (2)(i) немесе (ii) тармақта аталған мәлімдемені жасап, осы Шартты қабылдаған Дипломатиялық конференцияда, егер ол ратификациялау немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыру кезінде осы Шартқа қатысушы болуға өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес тиісті түрде уәкілетті екенін мәлімдесе, үкіметаралық ұйым ретінде осы Шартқа қатысушы бола алады.

(4) *[Ратификациялау немесе қосылу]* (1), (2) немесе (3)-тармақтардың талаптарын қанағаттандыратын кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым:

(i) осы мемлекет немесе ұйым осы Шартқа қол қойған жағдайда ратификациялау туралы құжатты; немесе

(ii) осы мемлекет немесе ұйым осы Шартқа қол қоймаған жағдайда, қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыра алады

## 21-бап

### Шарттың күшіне енуі; ратификациялар мен қосылулардың күшіне ену күндер

(1) *[Осы Шарттың күшіне енуі]* Осы Шарт он мемлекет ратификациялау немесе қосылу туралы өздерінің құжаттарын Бас директорға сақтауға тапсырғаннан кейін үш ай дан соң күшіне енеді.

(2) *[Ратификациялау мен қосылулардың күшіне ену күндері]* Осы Шарт:

(i) осы Шарт күшіне енген күннен бастап (1)-тармақта аталған он мемлекетті;

(ii) ратификациялау немесе қосылу туралы құжатын Бас директорға сақтауға тапсырған күннен үш ай өткеннен кейін немесе осы құжатта көрсетілген кез келген неғұрлым кеш күнге, бірақ осындай сақтауға тапсырылған күннен кейін алты айдан кешіктірмей кез келген басқа мемлекетті;

(iii) ратификациялау немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсырғаннан кейін үш ай өткен соң немесе осы құжатта көрсетілген кез келген неғұрлым кеш күннен бастап, бірақ осындай сақтауға тапсырылғаннан күнінен кейін алты айдан кешіктірмей, егер осындай құжат (1)-тармаққа сәйкес осы Шарт күшіне енгеннен кейін сақтауға тапсырылса немесе осы Шарт күшіне енгеннен кейін үш айдан соң, егер осындай құжат осы Шарт күшіне енгенге дейін сақтауға тапсырылса, Еуропалық патенттік ұйымның, Еуразиялық патенттік ұйымның және Африка өңірлік өнеркәсіптік меншік ұйымының ә р қ а й с ы с ы н ;

(iv) ратификациялау немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсырғаннан кейін үш ай өткен соң немесе осы құжатта көрсетілген кез келген неғұрлым кеш күннен бастап, бірақ осындай сақтауға тапсырылған күннен кейін алты айдан кешіктірмей осы Шартқа қатысушы болуға құқылы кез келген басқа да үкіметаралық ұйымды өзінің ережелерімен байланыстырады.

## **22-бап**

### **Шартты қазіргі өтінімдер мен патенттерге қолдану**

(1) *[Қағидат]* (2)-тармақты ескере отырып, Уағдаласушы тарап 5-бапты және 6 (1) және (2)-бапты және оларға қатысты Нұсқаулықты қоспағанда, осы Шарттың және Нұсқаулықтың ережелерін осы Уағдаласушы тарап 21-бапқа сәйкес осы Шарттың ережелерімен байланысты болған күнге қарауда жатқан өтінімдерге және осы күнге қолданылып жүрген патенттерге қолданады.

(2) *[Рәсімдер]* Егер мұндай рәсім 21-бапқа сәйкес осы Уағдаласушы тарап осы Шарттың ережелерімен байланысты болған күнге дейін басталса, бірде-бір Уағдаласушы тарап осы Шарттың және Нұсқаулықтың ережелерін (1)-тармақта көзделген өтінімдер мен патенттер бойынша іс жүргізудегі кез келген рәсімге қолдануға міндетті емес.

## **23-бап**

### **Ескертпелер**

(1) *[Ескертпе]* Кез келген мемлекет немесе үкіметаралық ұйым Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес халықаралық өтінімге қолданылатын өнертабыс бірлігіне қатысты ешқандай талапқа 6(1)-баптың ережелері қолданылмайды деп ескертпелер арқылы мәлімдей алады.

2) *[Ескертпелерді ұсыну тәсілі]* Кез келген ескертпе (1)-тармаққа сәйкес ескертпені жасаушы тиісті мемлекеттің немесе үкіметаралық ұйымның осы Шартты ратификациялау немесе қосылу туралы құжатқа қоса берілетін өтініште жасалады.

(3) *[Кері қайтару]* (1)-тармаққа сәйкес кез келген ескертпе кез келген уақытта қайтарып алынуы мүмкін.

(4) *[Өзге ескертпелерге тыйым салу]* (1)-тармақта көзделген жағдайды қоспағанда, осы Шартқа ешқандай өзге ескертпелерге жол берілмейді.

## **24-бап**

### **Шарттың күшін жою**

(1) *[Хабарлау]* Кез келген Уағдаласушы тарап Бас директорға жіберілген хабарлау арқылы осы Шарттың күшін жоя алады.

(2) *[Күшіне ену күні]* Кез келген күшін жою Бас директор хабарлауды алған күннен бастап бір жылдан кейін немесе хабарлауда көрсетілген кез келген неғұрлым кеш күннен бастап күшіне енеді. Күшін жою қарауда жатқан кез келген өтінімге немесе күшін жою күшіне енген күнге күшін жоюшы Уағдаласушы тарапқа қатысты қолданылып жүрген кез келген патентке қатысты осы Шарттың қолданылуына әсер етпейді.

## **25-бап**

### **Шарттың тілдері**

(1) *[Дәлме-дәл мәтіндер]* Осы Шарттың ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі бір данасына қол қойылады, әрі тек осы мәтіндер ғана тең түпнұсқалы болады.

(2) *[Ресми мәтіндер]* (1)-тармақта аталған кез келген тілдегі ресми мәтінді мүдделі тараптармен консультация өткізгеннен кейін Бас директор бекітеді. Осы тармақтың мақсаты үшін мүдделі тарап ресми тілі немесе ресми тілдерінің бірі айтылып отырған тіл болып табылатын Шартқа қатысушы болатын немесе 20(1)-бапқа сәйкес Шартқа қатысушы болуға құқылы кез келген мемлекетті және Еуропалық патенттік ұйымды, Еуразиялық патенттік ұйымды және Африка өңірлік өнеркәсіптік меншік ұйымын, сондай-ақ, егер ресми тілдерінің бірі айтылып отырған тіл болып табылатын Шартқа қатысушы болатын немесе Шартқа қатысушы бола алатын кез келген басқа үкіметаралық ұйымды білдіреді

(3) *[Тең түпнұсқалы мәтіндердің артықшылығы]* Тең түпнұсқалы және ресми

мәтіндер негізінде түсіндіруге қатысты пікірлер алшақтығы болған жағдайда, тең түпнұсқалы мәтіндер пайдаланылады.

## 26-бап

### Шартқа қол қою

Осы Шарт қабылданғаннан кейін бір жыл ішінде 20(1)-бапқа сәйкес Шартқа қатысушы болуға құқылы кез келген мемлекет және Еуропалық патенттік ұйым, Еуразиялық патенттік ұйым және Африка өңірлік өнеркәсіптік меншік ұйымы Ұйымның штаб-пәтерінде қол қою үшін ашық.

## 27-бап

### Депозитарий; тіркеу

(1) [Депозитарий] Бас директор осы Шарттың депозитарийі болып табылады.

(2) [Тіркеу] Бас директор осы Шартты Біріккен Ұлттар ұйымының Хатшылығында тіркейді.

## ПАТЕНТ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ ШАРТҚА НҰСҚАУЛЫҚ

### МАЗМҰНЫ

1 - қағида	Қысқартылған	орамдар
2-қағида	5-бапқа сәйкес өтінімді беру күніне қатысты толық мағлұматтар	
3-қағида	6(1), (2) және (3)-бапқа сәйкес өтінімге қатысты толық мағлұматтар	
4-қағида	6(5)-бапқа және 2(4) қағидаға сәйкес бұрынғы өтінімнің немесе 2(5)(b) қағидаға сәйкес ертерек берілген өтінімнің болуы	
5-қағида	6(6) және 8(4)(c)-баптарға және 7(4), 15(4), 16(6), 17(6) және 18(4) қағидаларға	сәйкес дәлелдемелер
6-қағида	6(7) және (8)-бапқа сәйкес өтінімге қатысты мерзімдер	
7-қағида	7-бапқа сәйкес өкілдікке қатысты толық мағлұматтар	
8-қағида	8(1)-бапқа сәйкес хабарламаларды ұсыну	
9-қағида	8(4)-бапқа сәйкес қойылған қолдарға қатысты толық мағлұматтар	
10-қағида	8(5), (6) және (8)-бапқа сәйкес нұсқауларға қатысты толық мағлұматтар	
11-қағида	8(7) және (8)-бапқа сәйкес хабарламаларға қатысты мерзімдер	
12-қағида	11-бапқа сәйкес мерзімдерге қатысты жеңілдік туралы толық мағлұматтар	
13-қағида	12-бапқа сәйкес ведомство тиісті шара қабылдағанын немесе ниет білдірмегені фактісін анықтағаннан кейін құқықтарды қалпына келтіруге қатысты толық	мағлұматтар
14-қағида	13-бапқа сәйкес басымдық талабын түзетуге немесе толықтыруға және басымдық құқығын қалпына келтіруге қатысты толық мағлұматтар	

- 15-қағида Аты-жөнін немесе мекенжайын өзгерту туралы жазбаны енгізу туралы ө т і н і ш
- 16-қағида Өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі туралы жазбаны енгізу туралы ө т і н і ш
- 17-қағида Лицензия немесе кепіл туралы жазбаны енгізу туралы өтініш
- 18-қағида Қатені түзету туралы өтініш
- 19-қағида Өтінімді оның нөмірінсіз бірдейлендіру тәсілі
- 20-қағида Үлгілік халықаралық бланкілерді бекіту
- 21-қағида 14(3)-бапқа сәйкес бірауыздан қабылдауды талап ету

## 1-қағида

### Қысқартылған орамдар

- (1) [*«Шарт»; «бап»*] (а) Осы Нұсқаулықта «Шарт» деген сөз Патенттік құқық туралы ш а р т т ы б і л д і р е д і .
- (b) Осы Нұсқаулықта «бап» деген сөз Шарттың белгілі бір бабына қатысты.
- (2) [*Шартта белгіленген қысқартылған сөйлемдер*] Шарт мақсаты үшін 1-бапта белгіленген қысқартылған сөйлемдердің осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін де сондай маңызы бар.

## 2-қағида

### 5-бапқа сәйкес өтінімді беру күніне қатысты толық мағлұматтар

- (1) [*5(3) және (4)(b)-бабына сәйкес мерзімдер*] (2)-тармақты ескере отырып, 5(3) және 4(b)-бапта аталған мерзім 5(3)-бапта аталған хабарлау күнінен бастап екі айдан к е м б о л м а й д ы .
- (2) [*5(4)(b)-бапқа сәйкес мерзімге қатысты айрықшалық*] Егер 5(3)-бапқа сәйкес хабарлау ведомствоға өтінім берушімен байланысуға мүмкіндік беретін нұсқаулардың берілмеу себебі бойынша жасалмаса, (4)(b)-бапта аталған мерзім ведомство 5(1)(a)-бапта аталған бір немесе бірнеше элементтерді алғашқы алған күннен бастап екі айдан к е м б о л м а й д ы .
- (3) [*5(6)(a) және (b)-бапқа сәйкес мерзімдер*] 5(6)(a) және (b)-бапта аталған м е р з і м д е р :
- (i) егер хабарлама 5(5)-бапқа сәйкес жасалса - хабарлау күнінен бастап екі айдан к е м б о л м а й д ы ;
- (ii) егер хабарлама жасалмаса, ведомство 5(1)(a)-бапта аталған бір немесе бірнеше элементтерді алғашқы алған күнінен бастап екі айдан кем болмайды.
- (4) [*5(6)(b)-бапқа сәйкес талаптар*] Кез келген Уағдаласушы Тарап 4(3) қағиданы ескере отырып, 5(6)(b)-бапқа сәйкес өтінім беру күнін анықтау үшін:
- (i) бұрынғы өтінімнің көшірмесі (3)-тармаққа сәйкес қолданылатын мерзім ішінде





### 3-қағида

#### 6(1), (2) және (3)-бапқа сәйкес өтінімге қатысты толық мағлұматтар

(1) [6(1)(iii)-бапқа сәйкес қосымша талаптар] (а) Уағдаласушы тарап 2(6)(i) қағидаға сәйкес өтінім жеке өтінім ретінде қаралуын қалайтын өтінім берушіден:

(i) өтінім осы тұрғыдан қаралуын қалайтынын;

(ii) өтінім бөлінген өтінімнің нөмірі мен берген күнін көрсетуді талап ете алады.

(b) Уағдаласушы тарап өтінім 2(6)(iii) қағидаға сәйкес өтінім ретінде қаралуын қалайтын өтінім берушіден:

(i) өтінім осы тұрғыдан қаралуын қалайтынын;

(ii) бұрынғы өтінімнің нөмірі мен берген күнін көрсетуді талап ете алады.

(c) Уағдаласушы тарап, өтінім қосымша патентке өтінім ретінде қаралуын қалайтын өтінім берушіден:

(i) өтінімнің осы тұрғыдан қаралуын қалайтынын;

(ii) негізгі өтінімнің нөмірі мен берілген күнін көрсетуді талап ете алады;

(d) Уағдаласушы тарап, өтінімнің бұрынғы өтінімнің жалғасы немесе ішінара жалғасы ретінде қаралуын қалайтын өтінім берушіден:

(i) өтінімнің осы тұрғыдан қаралуын қалайтынын;

(ii) бұрынғы өтінімнің нөмірі мен берілген күнін көрсетуді талап ете алады.

(e) егер, Уағдаласушы тарап үкіметаралық ұйым болып табылса, ол өтінім берушіден:

(i) өтінім беруші өңірлік патентті алғысы келетіні туралы өтініштің болуын;

(ii) өнертабысқа қорғау сұратылып отырған осы үкіметаралық ұйымға мүше мемлекеттерді көрсетуін талап ете алады;

(2) [6(2)(b)-бапқа сәйкес өтінім бланкісі] Уағдаласушы тарап 6(2)(a)-бапта аталған мазмұнды:

(i) өтініш бланкісінде, егер осы өтініш бланкісі 20(2) қағидаға сәйкес кез келген өзгерістері бар Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес өтініш бланкісіне сәйкес келетін болса;

(ii) өтініш бланкісінде, егер осы өтініш бланкісіне өтінім беруші өтінімді ұлттық немесе өңірлік өтінім ретінде қаралуын қалайды деген нұсқау мазмұндалса, Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес және осы жағдайда өтініш бланкісі (i)-де аталған өзгерістерді қамтиды деп саналады;

(iii) егер Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес осындай өтініш бланкісі бар болса, өтінім беруші өтінім ұлттық немесе өңірлік өтінім ретінде қаралуын қалайды деген нұсқауды қамтитын Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес өтінім бланкісінде ұсынылуына рұқсат береді.

(3) *[6(3)-бапқа сәйкес талап]* Уағдаласушы тарап 6(3)-бапқа сәйкес ведомство қабылдаған тілде жасалған өтінімнің атауын, формуласын және рефератын ведомство қабылдаған кез келген өзге тілдерге аударуды талап ете алады.

#### **4-қағида**

### **6(5)-бапқа және 2(4) қағидаға сәйкес бұрынғы өтінімнің немесе 2(5)(b) қағидаға сәйкес ертерек берілген өтінімнің болуы**

(1) *[6(5)-бапқа сәйкес бұрынғы өтінімнің көшірмесі]* (3)-тармақты ескере отырып, Уағдаласушы тарап 6(5)-бапта аталған бұрынғы өтінімнің көшірмесі осы бұрынғы өтінімді беру күнінен бастап немесе осындай бірнеше бұрынғы өтінімдер болса осы бұрынғы өтінімдерді неғұрлым ертерек берген күннен бастап кемінде 16 ай мерзім ішінде ведомствоға ұсынылуын талап ете алады.

(2) *[Куәландыру]* (3)-тармақты ескере отырып, Уағдаласушы тарап (1)-тармақта аталған көшірме, сондай-ақ бұрынғы өтінімді беру күні бұрынғы өтінім берілген ведомствода дұрыс деп куәландырылуын талап ете алады.

(3) *[Бұрынғы өтінімнің немесе ертерек берілген өтінімнің болуы]* Бір де бір Уағдаласушы тарап, егер бұрынғы өтінім немесе ертерек берілген өтінім ведомствоға берілсе немесе осы ведомствоға осы мақсатта қолдануға жарайтын қолайлы цифрлік кітапханадан осы ведомство үшін қол жетерліктей болса, бұрынғы өтінімнің көшірмесін немесе куәландырылған көшірмесін ұсынуды немесе (1) және (2)-тармақтарда және 2(4) қағидада аталғандай күнін куәландыруды немесе 2(5)(b) қағидада аталғандай ертерек берілген өтінімнің көшірмесін немесе куәландырылған көшірмесін ұсынуды талап етпейді.

(4) *[Аударма]* Егер бұрынғы өтінім ведомство қабылдағаннан өзге тілде берілсе және басымдықты талап етудің жарамдылығы қаралып отырған өнертабыстың патенттік қабілеттілігін анықтауға қатысы болса, Уағдаласушы тарап өтінім беруші ведомствоның немесе өзге құзыретті органның ұсынысы бойынша (1)-тармақта аталған бұрынғы өтінімнің аудармасын осы ұсыныс жасалған күннен бастап кемінде екі ай мерзімнен кем емес уақытта ұсынылуын талап ете алады.

#### **5-қағида**

### **6(6) және 8(4)(с)-баптарға және 7(4), 15(4), 16(6), 17(6) және 18(4) қағидаларға сәйкес дәлелдемелер**

Егер 6(6) немесе 8(4)(с)-бапқа немесе 7(4), 15(4), 16(6), 17(6) немесе 18(4) қағидаға сәйкес ведомство өтінім берушіге, иеленушіне немесе өзге тұлғаға дәлелдемелер қажет

деп хабарласа, хабарламада жағдайына байланысты материалдың, нұсқаудың немесе қолдың дұрыстығына немесе аударманың дәлдігіне ведомствоның күмәндануына негіз болған себеп көрсетіледі.

## **6-қағида**

### **6(7) және (8)-бапқа сәйкес өтінімге қатысты мерзімдер**

(1) [6(7) және (8)-бапқа сәйкес мерзімдер] (2) және (3)-тармақтарды ескере отырып, 6(7) және (8)-бапта аталған мерзімдер 6(7)-бапта аталған хабарлаудың күнінен бастап екі айдан кем болмайды.

(2) [6(8)-бапқа сәйкес мерзімге қатысты айрықшылық](3)-тармақты ескере отырып, егер 6(7)-бапқа сәйкес ведомствоға өтінім берушімен байланысуға мүмкіндік беретін нұсқаулардың ұсынылмауы себебінен хабарлау жасалмаса, 6(8)-бапта аталған мерзім ведомство 5(1)(а)-бапта аталған бір немесе бірнеше элементтерді алғашқы рет алған күнінен бастап үш айдан кем болмайды.

(3) [Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес өтінім бергені үшін баж төлеуге байланысты 6(7) және (8)-бапқа сәйкес мерзімдер] Егер өтінім беруге байланысты, 6(4)-бапқа сәйкес төленуі талап етілетін қандай да бір баж төленбесе, Уағдаласушы тарап 6(7) және (8)-бапқа сәйкес төлеу үшін кейінгі төлемді қоса алғанда, бергені үшін халықаралық бажды төлеуге байланысты Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес қолданылатын мерзімдерді қолдана алады.

## **7-қағида**

### **7-бапқа сәйкес өкілдікке қатысты толық мағлұматтар**

(1) [7(2)(а)(iii)-бапқа сәйкес өзге рәсімдер] Уағдаласушы тараптың өздеріне қатысты өкіл тағайындауды талап ете алмайтыны (2)(а)(iii)-бапта аталған өзге рәсімдер :

(i) 2(4) қағидаға сәйкес бұрынғы өтінімнің көшірмесін ұсынуды;  
(ii) 2(5 )(b) қағидаға сәйкес ертерек берілген өтінімнің көшірмесін ұсынуды қ а м т и д ы .

(2) [7(3)-бапқа сәйкес өкілді тағайындау] (а) Уағдаласушы тарап өкілді тағайындау туралы н ұ с қ а у в е д о м с т в о ғ а :

(i) өтінім беруші, иеленуші немесе өзге мүдделі тұлға қол қойған және өкілдің аты-жөні мен мекенжайы көрсетілген жеке хабарламада (бұдан әрі «сенімхат»); немесе өтінім берушінің таңдауы бойынша,

(ii) өтінім беруші қол қойған 6(2)-бапта аталған өтініш бланкісінде ұсынылуына мүмкіндік б е р е д і .

(b) Барлық аталған өтінімдер мен патенттер бір сенімхатта көрсетілген жағдайда, бір сенімхат, егер ол бір тұлғаның бірнеше өтінімдеріне немесе патенттеріне, немесе

бір тұлғаның бір немесе бірнеше өтінімдеріне және бір немесе бірнеше патенттеріне қатысты болса да жеткілікті болады. Сондай-ақ, егер ол тағайындайтын тұлға көрсеткен кез келген айрықшалықты ескере отырып, осы тұлғаның бар және болатын барлық өтінімдері мен патенттеріне қатысты болса да бір сенімхат жеткілікті болады. Егер осы бір сенімхат қағазда немесе ведомство рұқсат ететін басқа тәсілмен берілсе, ведомство өтініштің қатысы бар әрбір өтінім мен патентке оның жеке көшірмесін ұсынуды талап ете алады.

(3) *[Сенімхатты аудару]* Егер сенімхат ведомство қабылдағаннан өзге тілде ұсынылса, Уағдаласушы тарап оған аударманың қоса берілуін талап ете алады.

(4) *[Дәлелдемелер]* Уағдаласушы тарап, егер ведомствоның (2)(а)-тармақта аталған кез келген хабарламада мазмұндалған кез келген нұсқаудың дұрыстығына күмәндануға негізі болған жағдайда ғана, ведомствоға дәлелдемелерді ұсынуды талап ете алады.

(5) *[7(5) және (6)-бапқа сәйкес мерзімдер]* (6)-тармақты ескере отырып 7(5) және (6)-бапта аталған мерзімдер 7(5)-бапта аталған хабарлау күнінен екі айдан кем болмайды.

(6) *[7(6)-бапқа сәйкес мерзімге қатысты айрықшалық]* Егер (5)-бапта аталған хабарлау ведомствоға өтінім берушімен, иеленушімен немесе өзге мүдделі тұлғамен байланысуға мүмкіндік беретін нұсқаулардың ұсынылмағандықтан жасалмаса, 7(6)-бапта аталған мерзім 7(5)-бапта аталған рәсім басталған күннен бастап үш айдан кем болмайды.

## **8-қағида**

### **8(1)-бапқа сәйкес хабарламаларды ұсыну**

(1) *[Қағазда ұсынылған хабарламалар]* (а) 2005 жылғы 2 маусымнан кейін кез келген Уағдаласушы тарап 5(1) және 8(1)(d)-баптарды ескере отырып, хабарламалардың қағазда ұсынылуын болдырмайды немесе хабарламаларды қағазда ұсынуға рұқсат беруді жалғастырады. Бұл күнге дейін барлық Уағдаласушы мемлекеттер хабарламаларды қағазда ұсынуға рұқсат етеді.

(b) 8(3)-бапты және (с) тармақшаны ескере отырып, Уағдаласушы тарап қағаздағы хабарламалар бланкісіне қатысты талаптарды ұйғара алады.

(с) Егер Уағдаласушы тарап хабарламаларды қағазда ұсынуға рұқсат етсе, оның ведомствосы Патенттік кооперация туралы шарттың қағаздағы хабарламалар бланкісіне қатысты талаптарына сәйкес хабарламаларды қағазда ұсынуға рұқсат етуге тиіс.

(d) (а) тармақшаға қарамастан, егер қағаздағы хабарламаны алу немесе өңдеу, сипатына немесе көлеміне байланысты нысаналы болып табылмаса, Уағдаласушы тарап, (а) тармақшаның бірінші ұсынысына қарамастан осы хабарламаны басқа нысанда немесе басқа тарату құралдары арқылы ұсынуды талап ете алады.

(2) *[Электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы]*

*ұсынылған хабарламалар]* (а) Егер Уағдаласушы тарап хабарламаларды телеграф, телепринтер, телефакс және басқа ұқсас тарату құралдары арқылы хабарламаларды ұсынуды қоса алғанда, хабарламаны электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы ведомствосына белгілі бір тілде ұсынылуына рұқсат берсе, және Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы осы тілде ұсынылған хабарламаларға қатысты осы Уағдаласушы тарапқа қолданылатын талаптар болса, ведомство хабарламаларды осы талаптарға сәйкес аталған тілде электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы ұсынуға рұқсат береді.

(b) өзінің ведомствосына хабарламаларды электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы ұсынуға рұқсат беретін Уағдаласушы тарап, осы ұсынымға қатысты қолданылатын заңнамаға сәйкес талаптар туралы Халықаралық бюроға хабарлайды. Халықаралық бюро кез келген осындай хабарлауды осындай хабарлау жасалған тілде және Шарттың түпнұсқалық және ресми мәтіндері 25-бапқа сәйкес бекітілген тілдерде жариялайды.

(c) Егер (a) тармақшаға сәйкес Уағдаласушы тарап хабарламаларды телеграф, телепринтер, телефакс және басқа ұқсас тарату құралдары арқылы ұсынуға рұқсат етсе, ол осындай құралдармен берілген кез келген құжаттың түпнұсқасын осы алдыңғы таратуды сәйкестендіретін хатпен қоса тарату күнінен бастап кемінде бір ай мерзім ішінде ведомствоға қағазда ұсынылуын талап ете алады.

(3) *[Қағазда, электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы ұсынылған хабарламалардың көшірмелері]* (a) Егер Уағдаласушы тарап ведомство қабылдаған тілде қағазда ұсынылған хабарламаның көшірмесін электрондық нысанда немесе электрондық тарату лау құралдары арқылы ұсынылуына рұқсат берсе және Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес осындай хабарламалар көшірмелерін ұсынуға қатысты осы Уағдаласушы тарапқа қолданылатын талаптар болса, ведомство осы талаптарға сәйкес электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы хабарламалардың көшірмелерін ұсынуға рұқсат береді.

(b) Тиісті өзгерістерді ескере отырып, (2)(b)-тармақ қағазда ұсынылған хабарламалардың электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы ұсынылған көшірмелеріне қолданылады.

## **9-қағида**

### **8(4)-бапқа сәйкес қойған қолға қатысты толық мағлұматтар**

(1) *[Қойған қолға қоса берілетін нұсқаулар]* Уағдаласушы тарап жеке тұлға қойған қ о л ғ а :

(i) тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын әріптермен көрсетуді немесе осы тұлға, қалауы бойынша, әдетте пайдаланатын атын немесе аттарын;

(ii) хабарламаны оқи келе белгілі болмаса, осы тұлға кім ретінде қол қойғанын қоса көрсетуді талап ете алады.

(2) [Қол қойған күн] Уағдаласушы тарап қол қоюмен бірге оның қойылған күнін көрсетуді талап ете алады. Егер оны көрсету қажет болса, бірақ ол ұсынылмаса, қол қойылған хабарламаны ведомство алған күн немесе, осы Уағдаласушы тарап рұқсат етсе, одан ертерек күн қол қойылған күн болып саналады.

(3) [Қағаздағы хабарламаға қойылған қол] Егер Уағдаласушы тараптың ведомствосына жіберілген хабарлама қағазда ұсынылса және қол қою талап етілсе, осы У а ғ д а л а с у ш ы т а р а п :

(i) (iii) ескере отырып өзі қойған қолды қабылдайды;

(ii) өзі қойған қолдың орнына баспа таңба немесе қойылған қолы бар мөртабан сияқты қолдың басқа нысандарын пайдалануға не мөрді немесе түр ерекшелігі коды бар таңбалауды пайдалануға рұқсат ете алады;

(iii) егер хабарламаға қол қоюды жеке тұлға Уағдаласушы тараптың азаматы болып табылса және мекенжайы оның аумағында орналасса немесе, егер хабарламаға өзінің атынан қол қойылып отырған заңды тұлға оның заңнамасына сәйкес құрылса және оның аумағында не орналасқан орны, не іс жүзінде және жалған емес өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорын болса өзі қойған қолдың орнына мөрді пайдалануды талап ете а л а д ы .

(4) [Графикалық кескіндегі электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы ұсынылған хабарламаларға қойылған қол] Егер Уағдаласушы тарап хабарламаларды электрондық нысанда немесе электрондық тарату құралдары арқылы ұсынуға рұқсат етсе, егер осы Уағдаласушы тараптың ведомствосы алған осындай хабарламада (3)-тармаққа сәйкес осы Уағдаласушы тарап үшін жарамды графиктік кескіндегі қол қою пайда болса, ол осындай хабарламаға қол қойылды деп санайды,

(5) [Графикалық кескінсіз электрондық нысанда ұсынылған хабарламаларға қойылған қол] (a) Егер Уағдаласушы тарап хабарламаларды электрондық нысанда ұсынуға рұқсат етсе және қойылған қолдың (3)-тармаққа сәйкес осы Уағдаласушы тарап үшін жарамды графиктік кескіні, осы Уағдаласушы тараптың ведомствосы алған осындай хабарламада болмаса Уағдаласушы тарап хабарламаға осы Уағдаласушы тарап ұйғарғандай электрондық нысанда қойылған қолды пайдаланып қол қоюды талап е т е а л а д ы .

(b) Егер Уағдаласушы тарап хабарламаларды белгілі бір тілде электрондық нысанда ұсынуға рұқсат етсе және қойылған қолдың графиктік кескінінің пайда болуына әкеп соқтырмайтын осы тілде электрондық нысанда ұсынылған хабарламалардағы электрондық нысанда қойылған қолдарға қатысты Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес осы Уағдаласушы тарапқа қолданатын талаптар болса, (a)-тармаққа қарамастан, осы Уағдаласушы тараптың ведомствосы электрондық нысанда қойылған қолды осы талаптарға сәйкес қабылдайды.

(с) 8(2)(b) қағида тиісті өзгерістерді ескере отырып қолданылады.

(6) [8(4)(b)-бапқа сәйкес қойылған қолды куәландыруға қатысты айрықшалықтар] Уағдаласушы тарап (5)-тармақта аталған кез келген қол қою осы Уағдаласушы тарап көрсеткен электрондық нысанда қойылған қолдарды куәландыру тәсілімен расталуын талап ете алады.

## 10-қағида

### (5), (6) және (8)-бапқа сәйкес нұсқауларға қатысты толық мағлұматтар

(1) [8(5)-бапқа сәйкес нұсқаулар] (а) Уағдаласушы тарап кез келген хабарламада:

(i) өтінім берушінің, иеленушінің немесе өзге мүдделі тұлғаның аты-жөні мен мекенжайын;

(ii) өзінің қатысы бар өтінімнің немесе патенттің нөмірін;

(iii) егер өтінім беруші, иеленуші немесе өзге мүдделі тұлға ведомствода тіркелген болса нөмірін немесе өздері соған сәйкес тіркелген басқа нұсқауды көрсетуді талап ете алады.

(b) Уағдаласушы тарап ведомстводағы рәсімдердің мақсаты үшін өкілдің кез келген хабарламасында:

(i) өкілдің аты-жөні мен мекенжайы;

(ii) сенімхатқа немесе аталған өкілдің қызмет етуіне негіз болып табылатын осы өкілдің тағайындалуы туралы көрсетіліп отырған немесе көрсетілген өзге хабарламаға жасалған сілтеме;

(iii) егер өкіл ведомствода тіркелген болса, ол соған сәйкес тіркелген нөмірі немесе өзге де нұсқаудың қамтылуын талап ете алады.

(2) [Хат алмасу үшін және заңдық құжаттарды тапсыру үшін мекенжай] Уағдаласушы тарап хат алмасу үшін 8(6)(i)-бапта аталған мекенжай және заңдық құжаттарды тапсыру үшін 8(6)(ii)-бапта аталған мекенжай осы Уағдаласушы тарап ұйғарған аумақта орналасуын талап ете алады.

(3) [Өкіл тағайындалмаған жағдайдағы мекенжай] Егер өкіл тағайындалмаса және өтінім беруші, иеленуші немесе өзге мүдделі тұлға өзінің мекенжайы ретінде (2)-тармаққа сәйкес Уағдаласушы тарап ұйғарған аумақтағы мекенжайды ұсынса, егер осы өтінім беруші, иеленуші немесе өзге мүдделі тұлға 8(6)-бапқа сәйкес басқа осындай мекенжайды арнайы көрсетпесе ғана, Уағдаласушы тарап талабы бойынша осы Уағдаласушы тараптың осындай мекенжайды хат алмасу үшін 8(6)(i)-бапта аталған мекенжай немесе заңдық құжаттарды тапсыру үшін 8(6)(ii)-бапта аталған мекенжай деп санайды.

(4) [Өкіл тағайындалған жағдайдағы мекенжай] Егер өкіл тағайындалса, егер осы өтінім беруші, иеленуші немесе өзге мүдделі тұлға 8(6)-бапқа сәйкес басқа осындай мекенжайды әдейі көрсетпесе ғана, Уағдаласушы тараптың талабы бойынша

Уағдаласушы тарап осы өкілдің мекенжайын хат алмасу үшін 8(6)(i)-бапта аталған мекенжай немесе заңдық құжаттарды тапсыру үшін 8(6)(ii)-бапта аталған мекенжай  
д е п с а н а й д ы .

(5) [8(8)-бапқа сәйкес талаптарды орындамағаны үшін санкциялар] Бір де бір Уағдаласушы тарап (1)(a)(iii) және b)(iii)-тармаққа сәйкес тіркеу нөмірін ұсынуға қатысты кез келген талапты немесе өзге нұсқауды орындамағаны үшін өтінімді караудан бас тартуды көздей алмайды.

## 11-қағида

### 8(7) және (8)-бапқа сәйкес хабарламаларға қатысты мерзімдер

(1) [8(7) және (8)-бапқа сәйкес мерзімдер] (2)-тармақты ескере отырып, 8(7) және (8)-бапта аталған мерзімдер 8(7)-бапта аталған хабарлама күнінен бастап кемінде екі  
а й д ы қ ұ р а й д ы .

(2) [8(8)-бапқа сәйкес мерзімге қатысты айрықшалықтар] Егер ведомствоға өтінім берушімен, иеленушімен немесе өзге мүдделі тұлғамен айланысуға мүмкіндік беретін нұсқаулар ұсынылмауына байланысты 8(7)-бапта сәйкес хабарлау жасалмаса, 8(8)-бапта аталған мерзім 8(7)-бапта аталған хабарламаны ведомство алған күнінен бастап кемінде үш айды құрайды.

## 12-қағида

### 11-бапқа сәйкес мерзімдерге қатысты жеңілдік туралы толық мағлұматтар

(1) [11(1)-бапқа сәйкес талаптар] (a) Уағдаласушы тарап 1(1)-бапта аталған өт і н і ш к е :

(i) өтініш беруші немесе иеленуші қол қоюын;  
(ii) онда мерзімді ұзарту сұратылатыны және осы мерзім көрсетілуін талап ете  
а л а д ы .

(b) Егер мерзімді ұзарту туралы өтініш мерзім аяқталғаннан кейін ұсынылса, Уағдаласушы тарап өтінішті берумен қатар бір мезгілде өздеріне қатысты тиісті әрекетті жасау үшін қажет мерзім қолданылатын барлық талаптардың орындалуын  
т а л а п е т е а л а д ы .

(2) [11(1)-бапқа сәйкес кезең және мерзім] (a) 11(1)-бапта аталған мерзімді ұзарту кезеңі ұзартылмаған мерзім күнінен бастап кемінде екі айды құрайды.

(b) 11(1)(ii)-бапта аталған мерзім ұзартылмаған мерзім аяқталғаннан кейін кемінде  
е к і а й д а н с о ң а я қ т а л а д ы .

(3) [11(2)(i)-бапқа сәйкес талаптар] Уағдаласушы тарап 11(2)-бапта аталған өт і н і ш к е :

(i) өтініш берушінің немесе иеленушінің қолы қойылуын;  
(ii) мерзім сақталмауына қатысты жеңілдік сұратылатыны және осы мерзім



к о р с е т і л у і н т а л а п е т е а л а д ы

(4) [11(2)(ii)-бапқа сәйкес өтініш ұсынылатын мерзім] 11(2)(ii)-бапта аталған мерзім ведомство өтінім беруші немесе иеленуші ведомство белгілеген мерзімді бұзғаны туралы хабарлағаннан соң кемінде екі айдан кейін аяқталады.

(5) [11(3)-бапқа сәйкес айрықшалықтар] (а) 11(1) немесе (2)-бапқа сәйкес бірде бір У а ғ д а л а с у ш ы т а р а п т а н :

(i) 11(1) немесе (2)-бапқа сәйкес жеңілдік берілген мерзімге қатысты екінші немесе к е з к е л г е н к е л е с і ж е ң і л д і к т і ;

(ii) 11(1) немесе (2)-бапқа сәйкес жеңілдік беру туралы өтініште немесе 12(1)-бапқа сәйкес қалпына келтіру туралы өтінішке қатысты жеңілдікті;

(iii) күшінде ұстағаны үшін баж төленетін мерзімге қатысты жеңілдікті;

(iv) 13(1), (2) немесе (3)-бапта аталған мерзімге қатысты жеңілдікті;

(v) апелляциялық палатада немесе ведомство шеңберінде құрылған қайта қарау жөніндегі өзге органда әрекеттер жасауға арналған мерзімге қатысты жеңілдікті;

(vi) тараптар арасындағы істі қарау барысындағы әрекеттерге арналған мерзімге қатысты жеңілдік беру талап етілмейді.

(b) ведомствода рәсімнің барлық талаптарын орындау үшін ең ұзақ мерзімді көздейтін бірде бір Уағдаласушы тараптан осы рәсімдегі әрекеттер үшін осы кез келген талаптарға қатысты 11(1) немесе (2)-бапқа сәйкес осы ең ұзақ мерзімнен тыс жеңілдік беру талап етілмейді.

### 13-қағида

### 12-бапқа сәйкес ведомство тиісті шара қабылдағанын немесе алдын ала ниет білдірмегені фактісін анықтағаннан кейін құқықтарын қалпына келтіруге қатысты толық мағлұматтар

(1) [12(1)(i)-бапқа сәйкес талаптар] Уағдаласушы тарап 12(1)(i)-бапта аталған өтінішке өтінім беруші немесе иеленуші қол қоюын талап ете алады.

(2) [12(1)(ii)-бапқа сәйкес мерзім] 12(1)(ii)-бапқа сәйкес өтінішті беру және талаптарды орындауға арналған мерзім:

(i) тиісті әрекетті жасауға арналған мерзімді сақтамау себептері жойылған күннен б а с т а п к е м і н д е е к і а й д а н ;

(ii) тиісті әрекетті жасауға арналған мерзім аяқталған соң кемінде 12 айдан немесе, егер өтініш күшінде ұстау үшін баж төлемеуге қатысты болса, Париж конвенциясының 5bis бабында көзделген жеңілдік мерзімі аяқталған күннен бастап кемінде 12 айдан бұрын аяқталатын мерзім болып табылады.

(3) [12(2)-бапқа сәйкес айрықшалықтар] 12(2)-бапта аталған айрықшалықтар:

(i) апелляциялық палатада немесе ведомство шеңберінде құрылған қайта қарау жөніндегі өзге органда әрекет жасауға арналған;

- (ii) 11(1) немесе (2)-бапқа сәйкес жеңілдік туралы өтінішті немесе 12(1) бапқа сәйкес қалпына келтіру туралы өтінішті беруге арналған;
- (iii) 13(1), (2) немесе (3)-бапта аталған;
- (iv) тараптар арасындағы істі қарау барысындағы әрекеттерге арналған мерзімді сақтамау болып табылады.

#### 14-қағида

### 13-бапқа сәйкес басымдық талабын түзетуге немесе толықтыруға және басымдық құқығын қалпына келтіруге қатысты толық мағлұматтар

(1) [13(1)-бапқа сәйкес айрықшалықтар] бірде бір Уағдаласушы тарап, егер 13(1)(i)-бапта аталған өтінішті өтінім беруші мерзімнен бұрын жариялау немесе жедел немесе тез қарау туралы өтініш бергеннен кейін алған жағдайда, егер осы мерзімнен бұрын жариялау немесе жедел немесе тез қарау туралы өтініш өтінімді жариялауға техникалық дайындық аяқталғанға дейін кері қайтарылып алынса, 13(1)-бапқа сәйкес басымдық талап етуді түзетуді немесе толықтыруды көздеуге міндетті емес.

(2) [13(1)(i)-бапқа сәйкес талаптар] Уағдаласушы тарап 13(1)(i)-бапта аталған өтінішке өтінім беруші қол қоюын талап ете алады.

(3) [13(1)(ii)-бапқа сәйкес мерзім] 13(1)(ii)-бапта аталған мерзім Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес халықаралық өтінімге қолданылатын халықаралық өтінім берілгеннен кейін басымдыққа өтініш беруге арналған мерзімнен кем болмауға т и і с .

(4) [13(2)-бапқа сәйкес мерзімдер] (a) 13(2)-баптың кіріспе бөлігінде аталған мерзім басымдық кезеңі біткен күннен бастап кемінде екі айдан кейін аяқталады.

(b) (a) тармақшаға сәйкес қолданылатын мерзім немесе келесі өтінімді жариялауға кез келген техникалық дайындық аяқталған мерзім, қайсысы бұрын аяқталуына байланысты, 13(2)(ii)-бапта аталған мерзім болып табылады.

(5) [13(2)(i)-бапқа сәйкес талаптар] Уағдаласушы тарап 13(1)(i)-бапта аталған ө т і н і ш к е :

- (i) өтінім берушінің қолы қойылуын; және
- (ii) егер өтінім алдыңғы өтінімге басымдық талап етуді қамтымаса, басымдық талап ету қоса берілуін талап ете алады.

(6) [13(3)-бапқа сәйкес талаптар] (a) Уағдаласушы тарап 13(3)(i)-бапта аталған ө т і н і ш к е :

- (i) өтінім берушінің қолы қойылуын; және
- (ii) алдыңғы өтінімнің көшірмесін беру туралы өтініш берілген ведомствоны және осы өтініш берілген күнін көрсетуді талап ете алады.

(b) У а ғ д а л а с у ш ы т а р а п :

- (i) 13(3)-бапта аталған өтінішті қолдау үшін өтініштің немесе өзге дәлелдемелердің

ведомствоға ведомство белгілеген мерзім ішінде берілуін;

(ii) 13(3)(iv)-бапта аталған алдыңғы өтінімнің көшірмесі алдыңғы өтінім берілген ведомство осы көшірмені өтінім берушіге ұсынған күннен бастап кемінде бір ай құрайтын мерзім ішінде ведомствоға берілуін талап ете алады.

(7) [13(3)(iii)-бапқа сәйкес мерзім] 13(3)(iii)-бапта аталған мерзім 4(1) қағидада ұйғарылған мерзімнің аяқталуына дейін екі ай бұрын бітеді.

## **15-қағида**

### **Аты-жөнін немесе мекенжайын өзгерту туралы жазбаны енгізу туралы өтініш**

(1) [Өтініш] Егер өтінім беруші немесе иеленуші бұрынғы болып қалса, бірақ оның аты-жөні немесе мекенжайы өзгерсе, Уағдаласушы тарап аты немесе мекенжайы өзгергені туралы жазбаны енгізу жөнінде өтініш өтінім беруші немесе иеленуші қол қойған хабарламада берілуіне және мыналарды:

(i) аты-жөні немесе мекенжайы өзгеруі туралы жазбаны енгізу сұратылуын;

(ii) тиісті өтінімнің немесе патенттің нөмірін;

(iii) енгізілетін өзгерісті;

(iv) өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеріске дейінгі аты-жөні мен мекенжайын көрсетуге рұқсат береді.

(2) [Баждар] Уағдаласушы тарап (1)-тармақта аталған өтінішке қатысты баж төлеуді талап ете алады.

(3) [Бір өтініш] (a) өзгеріс өтінім берушінің немесе иеленушінің атына, сондай-ақ мекенжайына қатысты болса да бір өтініш жеткілікті.

(b) Егер өтініште барлық тиісті өтінімдер мен патенттердің нөмірлері көрсетілсе, өзгеріс бір тұлғаның бірнеше өтінімдері мен патенттеріне немесе бір тұлғаның бір немесе бірнеше өтінімдеріне және бір немесе бірнеше патенттеріне қатысты болса да бір өтініш жеткілікті. Осы бір өтініш қағазда немесе ведомство рұқсат ететін кез келген басқа тәсілмен берілген жағдайда, Уағдаласушы тарап өтініш жататын әрбір өтінім мен патент үшін оның жеке көшірмесі ұсынылуын талап ете алады.

(4) [Дәлелдемелер] Уағдаласушы тарап, егер ведомствоның өтініште мазмұндалған кез келген нұсқаудың растығына күмәндануға негізі болған жағдайда ғана ведомствоға дәлелдеме ұсынуды талап ете алады.

(5) [Өзге талаптарға тыйым салу] Егер Шартпен өзгеше көзделмесе немесе осы Нұсқаулықпен ұйғарылмаса (1)-тармақта аталған өтінішке қатысты бірде бір Уағдаласушы тарап (1)-(4)-тармақтарда аталғандардан басқа талаптарды орындауды талап ете алмайды. Атап айтқанда, өзгеріске қатысты қандай да бір куәландыруды ұсыну талап етілуі мүмкін емес.

(6) [Хабарлама] Уағдаласушы тарап (1)-(4)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда, ведомство ол туралы өтінім берушіге

немесе иеленушіге хабарлайды, ол осы хабарлама күнінен бастап кемінде екі ай ішінде кез келген осындай талапты орындауға және ескертулерді ұсынуға мүмкіндік береді.

(7) *[Талаптарды орындамау]* (а) Уағдаласушы тарап (1)-(4)-тармақтарға сәйкес қолданатын бір немесе бірнеше талаптарды (b) тармақшаға сәйкес мерзімде орындамаған жағдайда, Уағдаласушы тарап өтінішті қабылдаудан бас тартуды, алайда одан неғұрлым қатаң емес санкцияларды көздей алады.

(b) (a) тармақшада аталған мерзім:

(i) (ii) ескере отырып - хабарлау күнінен кемінде екі айды;

(ii) егер ведомствоға (1)-тармақта аталған өтінішті берген тұлғамен байланысуға мүмкіндік беретін нұсқаулар ұсынылмаса - ведомство осы өтінішті алған күннен бастап кемінде үш айды құрайды.

(8) *[Өкілдің аты немесе мекенжайы, немесе хат алмасу үшін мекенжайы немесе заңдық құжаттарды тапсыру үшін мекенжайының өзгеруі]* Тиісті өзгерістер ескеріле отырып, (1)-(7)-тармақтар өкілдің аты немесе мекенжайының кез келген өзгерісіне немесе хат алмасу үшін мекенжайға немесе заңдық құжаттарды тапсыру үшін мекенжайға қатысты кез келген өзгеріске қолданылады.

## **16-қағида**

### **Өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі туралы жазбаны енгізу туралы өтініш**

(1) *[Өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі туралы жазбаны енгізу туралы өтініш]* (a) өтінім беруші немесе иеленушінің тұлғасы өзгерген жағдайда Уағдаласушы тарап өзгеруі туралы жазбаны енгізу жөнінде өтініш өтінім беруші немесе иеленуші не жаңа өтінім беруші немесе жаңа иеленуші қол қойған хабарламада берілуіне және онда мынадай нұсқаулардың:

(i) өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі туралы жазбаны енгізу сұратылуын көрсетудің;

(ii) тиісті өтінімнің немесе патенттің нөмірінің;

(iii) өтінім берушінің немесе иеленушінің атының және мекенжайының;

(iv) жаңа өтінім берушінің немесе жаңа иеленушінің аты-жөні мен мекенжайының;

(v) өтінім беруші немесе иеленуші тұлғаның өзгерген күнінің;

(vi) жаңа өтінім беруші немесе жаңа иеленуші азаматы болып табылатын мемлекет атауының, егер ол қандай да бір мемлекеттің азаматы болып табылса, бар болған кезде, жаңа өтінім берушінің немесе жаңа иеленушінің тұрақты орны бар мемлекет атауының, бар болған кезде және жаңа өтінім берушінің немесе жаңа иеленушінің іс жүзінде және жалған емес өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорны бар мемлекет атауының;

(vii) сұратылып отырған өзгеріске негіздеменің қамтылуына рұқсат береді.

(b) Уағдаласушы тарап өтініште:

(i) өтініште мазмұндалған ақпарат дұрыс және рас екені туралы мәлімдеменің;

(ii) осы Уағдаласушы тараптың кез келген мемлекеттің мүддесіне қатысты ақпараттың қамтылуын талап ете алады.

(2) [Өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі үшін негіздемеге қатысты құжаттама] (a) Егер өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі келісімшарт жасасу нәтижесі болып табылса, Уағдаласушы тарап бұл өтініште келісімшартты тіркеуге қатысты ақпараттың қамтылуын, егер қолданылатын заңнамаға сәйкес тіркеу міндетті болса, және өтінім білдіріп отырған тараптың қалауы бойынша өтінішке мынадай құжаттардың бірі:

(i) келісімшарттың көшірмесін, бұл ретте, мұндай көшірме келісімшарттың түпнұсқасына сәйкес екенін өтініш білдіруші тараптың қалауы бойынша, мемлекеттік нотариус немесе кез келген өзге құзыретті мемлекеттік орган немесе егер қолданылатын заңдарға сәйкес оған рұқсат етілсе, ведомствода істерді жүргізуге құқылы өкілдің куәландыруы талап етілуі мүмкін;

(ii) өзгерісті көрсететін келісімшарттан үзіндіні, бұл ретте мұндай үзіндіні келісімшарттан алынған нақты үзінді екенін, өтініш білдіруші тараптың қалауы бойынша, мемлекеттік нотариус немесе кез келген өзге құзыретті мемлекеттік орган, немесе, егер қолданылатын заңдарға сәйкес оған рұқсат етілсе, ведомствода істерді жүргізуге құқылы өкілдің куәландыруы талап етілуі мүмкін;

(iii) құқықты басқаға беру туралы куәлікке қатысты Үлгілік халықаралық бланкіде ұйғарылған мазмұны бар және меншік құқығын келісім-шарт бойынша басқаға беру туралы өтінім беруші, сондай-ақ жаңа өтінім беруші немесе иеленуші, сондай-ақ жаңа иеленуші қол қойған куәландырылмаған куәлікті қоса беруді талап ете алады.

(b) Уағдаласушы тарап, егер өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі заңды тұлғаның қосылуының не қайта ұйымдастырылуының немесе бөлінуінің нәтижесі болып табылса, өтінішке құзыретті орган жасаған және заңды тұлғаның қосылуын не қайта ұйымдастырылуын немесе бөлінуін және тиісті құқықтардың кез келген бөлінісін дәлелдейтін құжаттың көшірмесін, мысалы сауда тізілімінен үзінді көшірмесін қоса беруді талап ете алады. Уағдаласушы тарап көшірме құжаттың түпнұсқасына сәйкес келетінін, өтінім білдіруші тараптың қалауы бойынша құжатты берген орган немесе мемлекеттік нотариус, немесе кез келген өзге құзыретті мемлекеттік орган, немесе, қолданылатын заңдарға сәйкес оған рұқсат етілсе, ведомствода істерді жүргізуге құқылы өкіл куәландыруын талап етуі мүмкін.

(c) Уағдаласушы тарап, егер өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі заңды тұлғаның келісімшарт жасауының, қосылуының, не қайта ұйымдастырылуының немесе бөлінуінің нәтижесі емес, басқа себептерге, мысалы, құқықтың қолданылуына немесе сот шешіміне байланысты болса, өзгерісті дәлелдейтін құжаттың көшірмесін өтінішке қоса беруді талап ете алады. Уағдаласушы тарап, сонымен бірге көшірмені құжаттың түпнұсқасына сәйкес екенін, өтінім білдіруші тараптың қалауы бойынша, құжатты

берген орган немесе мемлекеттік нотариус, немесе кез келген өзге құзыретті мемлекеттік орган, немесе, егер қолданылатын заңдарға сәйкес оған рұқсат етілсе, ведомствода істерді жүргізуге құқылы өкіл куәландыруын талап ете алады.

(d) Уағдаласушы тарап тең өтінім берушілердің немесе тең иеленушілердің барлығының емес дегенмен, біреуінің немесе бірнешеуінің тұлғасы өзгерген жағдайда, ведомствоға өзгерістің өзіне қатысы жоқ кез келген тең өтінім берушінің немесе тең иеленушінің өзгеріспен келісуінің дәлелдемесін ұсынуды талап ете алады.

(3) *[Аударма]* Уағдаласушы тарап (2)-тармаққа сәйкес берілген, ведомство қабылдаған тілден басқа тілде жасалған кез келген құжаттың аудармасын талап ете алады.

(4) *[Баждар]* Уағдаласушы тарап (1)-тармақта аталған өтінішке қатысты баж төлеуді талап ете алады.

(5) *[Бір өтініш]* өзгеріс бір тұлғаның бірнеше өтінімдеріне немесе патенттеріне немесе бір тұлғаның бір немесе бірнеше өтінімдеріне және бір немесе бірнеше патенттеріне қатысты болса да, өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгерісі барлық тиісті өтінімдер мен патенттер үшін бірдей болған және өтініште барлық тиісті өтінімдер мен патенттердің нөмірлері көрсетілген жағдайда бір өтініш жеткілікті. Уағдаласушы тарап, осы бір өтініш қағазда немесе ведомство рұқсат ететін кез келген басқа тәсілмен ұсынылған жағдайда, өтініштің қатысы бар өтінімнің және патенттің әрқайсысы үшін оның жеке көшірмесі ұсынылуын талап ете алады.

(6) *[Дәлелдемелер]* Уағдаласушы тарап өтініште немесе осы қағидада аталған кез келген құжатта қамтылған кез келген нұсқаудың растығына не (3)-тармақта аталған кез келген аударманың дұрыстығына күмәндануға ведомствоның негізі болған жағдайда ғана осы ведомствоға дәлелдемелерді немесе (2)-тармақтағы жағдайда қосымша дәлелдемелерді ұсынуды талап ете алады.

(7) *[Өзге талаптарға тыйым салу]* Бір де бір Уағдаласушы тарап, осы қағидада аталған өтінішке қатысты, егер Шартта өзгеше көзделмесе немесе осы Нұсқаулықпен ұйғарылмаса, (1)-(6)-тармақтарда аталғандардан басқа шартты талаптарды орындауды талап етпей алады.

(8) *[Хабарлама; талаптарды орындамау]* Тиісті өзгерістер ескеріле отырып, 15(6) және (7) қағида, (1)-(5)-тармаққа сәйкес қолданылатын бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда немесе (6)-тармаққа сәйкес дәлелдемелер немесе қосымша дәлелдемелер талап етілетін жағдайда қолданылады.

(9) *[Авторлыққа қатысты айрықшалық]* Уағдаласушы тарап авторлықтағы өзгерістерге қатысты осы қағиданың қолданылуын алып тастай алады. Авторлық деген ұғым қолданылатын заңдарға сәйкес анықталады.

## 17-қағида

### Лицензия немесе кепіл туралы жазбаны енгізу туралы өтініш

(1) *[Лицензия туралы жазбаны енгізу туралы өтініш]* (а) Уағдаласушы тарап, егер қолданылатын заңдарға сәйкес өтінімге немесе Патентке қатысты лицензия туралы жазба енгізілуі мүмкін болса:

(i) Лицензия туралы жазбаны енгізу сұратылатыны;

(ii) тиісті өтінімнің немесе патенттің нөмірі;

(iii) лицензиардың аты мен мекенжайы;

(iv) лицензиаттың аты мен мекенжайы;

(v) лицензияның қандай екені - айрықша немесе айрықша емес болуы;

(vi) лицензиат азаматы болып табылатын мемлекеттік атауы, егер ол қандай да бір мемлекеттің азаматы болып табылса, бар болса лицензиаттың тұрақты жері бар мемлекеттік атауы және бар болса лицензиаттың іс жүзінде және жалған емес өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорны бар мемлекеттің атауы көрсетіліп, осы лицензия туралы жазбаны енгізу жөнінде қолдаухат лицензиар мен лицензиат қол қойған хабарламада берілуіне рұқсат етеді.

(b) Уағдаласушы тарап:

(i) өтініште қамтылған ақпарат дұрыс және рас болып табылатыны туралы мәлімдемелі;

(ii) осы Уағдаласушы тараптың кез келген мемлекеттік мүддеге қатысты ақпаратты;

(iii) қолданылатын заңдарға сәйкес тіркеу міндетті болып табылса, лицензияны тіркеуге қатысты ақпаратты;

(iv) лицензияның қолдану күні мен мерзімі өтініште қамтылуын талап ете алады.

(2) *[Лицензия үшін негіздемеге қатысты құжаттама]* (а) Егер лицензия еркін жасасқан келісімнің нәтижесі болып табылса, Уағдаласушы тарап мынадай құжаттардың бірі:

(i) келісім көшірмесі, мұндай көшірме келісімнің түпнұсқасына сәйкес екенін өтінім білдіруші тараптың қалауы бойынша, мемлекеттік нотариус немесе кез келген өзге құзыретті мемлекеттік орган, немесе, егер қолданылатын заңдарға сәйкес, оған рұқсат етілсе, ведомствода істерді жүргізуге құқылы өкіл куәландыруын талап ету мүмкін бола тұра;

(ii) осы келісімнің лицензияланатын құқықтар мен олардың көлемін көрсететін бөліктерін қамтитын үзінді көшірмесі, мұндай үзінді көшірмені келісімнен алынған нақты үзінді көшірме екенін өтінім білдіруші тараптың қалауы бойынша мемлекеттік нотариус немесе өзге құзыретті мемлекеттік орган, немесе, егер қолданылатын заңдарға сәйкес оған рұқсат етілсе, ведомствода істерді жүргізуге құқылы өкіл куәландыруын талап ету мүмкін бола тұра, өтінім білдіруші тараптың қалауы бойынша, өтініште қоса берілуін талап ете алады.

(b) Уағдаласушы тарап, егер лицензия еркін жасалған келісімнің нәтижесі болып табылса, осы келісімнің қатысушысы болып табылмайтын кез келген өтінім беруші, иеленуші, айрықша лицензияның лицензиаты, тең өтінім беруші, тең иеленуші немесе айрықша лицензияның тең лицензиаты ведомствоға ұсынылған хабарламаға осы келісім туралы жазбаны енгізуге келісім беруін талап ете алады.

(c) Уағдаласушы тарап, егер лицензия еркін жасасқан келісімнің нәтижесі болып табылмаса, мысалы, құқық қолданудың немесе сот шешімінің нәтижесі болып табылса, өтінішке лицензияның бар екенін дәлелдейтін құжаттың көшірмесін қоса беруді талап ете алады. Уағдаласушы тарап, сондай-ақ осы көшірмені құжаттың түпнұсқасына сәйкес екенін өтінім білдіруші тараптың қалауы бойынша, құжатты берген орган немесе мемлекеттік нотариус, немесе кез келген өзге құзыретті мемлекеттік орган, немесе, егер қолданылатын заңдарға сәйкес оған рұқсат етілсе, ведомствода істерді жүргізуге құқылы өкіл куәландыруын талап ете алады.

(3) [Аударма] Уағдаласушы тарап, ведомство қабылдаған тілден басқа тілде (2) тармаққа сәйкес ұсынылған кез келген құжаттың аудармасын талап ете алады.

(4) [Баждар] Уағдаласушы тарап (1)-тармақта аталған өтінішке қатысты баж төлеуді талап ете алады.

(5) [Бір қолдаухат] Тиісті өзгерістер ескеріле отырып, 16(5) қағида лицензия туралы жазбаны енгізу жөніндегі өтінішке қолданылады.

(6) [Дәлелдемелер] Тиісті өзгерістер ескеріле отырып, 16(6) қағида лицензия туралы жазбаны енгізу жөніндегі өтінішке қолданылады.

(7) [Өзге талаптарға тыйым салу] Бір де бір Уағдаласушы тарап, (1)-тармақта аталған қолдаухатқа қатысты, егер Шартта өзгеше көзделмесе немесе осы Нұсқаулықпен ұйғарылмаса, (1)-(6)-тармақтарда аталғандардан басқа шартты талаптарды орындауды талап ете алмайды.

(8) [Хабарлама; талаптарды орындамау] Тиісті өзгерістер ескеріле отырып, 15(6) және (7) қағида, (1)-(5)-тармаққа сәйкес қолданылатын бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда немесе (6)-тармаққа сәйкес дәлелдемелер немесе қосымша дәлелдемелер талап етілетін жағдайда қолданылады.

(9) [Кепіл туралы жазбаны енгізу немесе лицензия немесе кепіл туралы жазбаның күшін жою жөніндегі өтініш] Тиісті өзгерістер ескеріле отырып, (1)-(8)-тармақтар:

(i) өтінімге немесе патентке қатысты кепіл туралы жазбаны енгізу туралы;

(ii) өтінімге немесе патентке қатысты лицензия немесе кепіл туралы жазбаның күшін жою туралы өтініштерге қолданылады.

## **18-қағида**

### **Қатені түзету туралы өтініш**



(1) [Өтініш] (a) ведомство, егер өтінімге немесе патентке қатысты ведомствоға жіберілген өтінімде, патентте немесе кез келген өтініште, қолданылатын заңдарға сәйкес ведомство түзете алатын, іздестіруге немесе мәні бойынша сараптамаға байланысты емес қате болса, өтінім беруші немесе иеленуші қол қойған және:

- (i) қатені түзету сұратылуы;
- (ii) тиісті өтінімнің немесе патенттің нөмірі;
- (iii) түзетілетін қате;
- (iv) енгізілетін түзету;

(v) өтінім білдіруші тараптың аты мен мекенжайы көрсетіліп осы ведомствоға ұсынылған хабарламада ведомствоның материалдары мен жарияланымдарындағы осы қатені түзету жөніндегі өтініш берілуіне рұқсат етеді.

(b) Уағдаласушы тарап, өтінішке оның ауыстырылатын бөлігі немесе түзетуді қамтитын бөлігі, немесе (3)-тармақ қолданылатын болса өтініш қатысты болатын әрбір өтінім мен патент үшін осындай ауыстырылатын бөлік немесе түзетуді қамтитын бөлік қоса берілуін талап ете алады.

(c) Уағдаласушы тарап өтінішке қате алдын ала ниеттеніп жасалмағаны туралы өтінім білдіруші тараптың мәлімдемесін қоса беруді талап ете алады.

(d) Уағдаласушы тарап өтінішке қате табылғаннан кейін аталған өтініш дереу негізсіз кешіктірілмей немесе Уағдаласушы тараптың қалауы бойынша, кешіктіруге алдын ала ниеттенбестен берілгені туралы өтінім білдіруші тараптың мәлімдемесін қоса беруді талап ете алады.

(2) [Баждар] (a) Уағдаласушы тарап, (b)-тармақты ескере отырып, (1)-тармаққа сәйкес өтінішке қатысты баж төлеуді талап ете алады.

(b) Ведомство өзінің қателерін *ex officio* немесе өтініш бойынша баж алмастан түзетеді.

(3) [Бір өтініш] Тиісті өзгерістер ескеріле отырып, қате және сұратылып отырған түзету барлық тиісті өтінімдер мен патенттер үшін бірдей болған жағдайда, 16(5) қағида қатені түзету туралы өтініштерге қолданылады.

(4) [Дәлелдемелер] Уағдаласушы тарап, егер ведомство болжанатын қате шын мәнінде қате болып табылатынына немесе қатені түзету туралы өтінішке байланысты ұсынылған қандай да бір материалдың немесе құжаттың дұрыстығына күмәндануына негіздері болса ғана ведомствоға өтінішті қолдау үшін дәлелдемелерді ұсынуды талап ете алады.

(5) [Өзге талаптарға тыйым салу] Бір де бір Уағдаласушы тарап, егер Шартта өзгеше көзделмесе немесе осы Нұсқаулықта өзгеше ұйғарылмаса, (1)-тармақта аталған өтінішке қатысты (1)-(4)-тармақтарда көзделгендерден басқа формальды талаптарды орындауды талап ете алмайды.

(6) [Хабарлау; талаптарды орындамау] Тиісті өзгерістер ескеріле отырып, 15(6) және (7) қағида (1)-(3)-тармаққа сәйкес қолданылатын бір немесе бірнеше талаптар

орындалмаған жағдайда немесе (4)-тармаққа сәйкес дәлелдеме қажет болған жағдайда қ о л д а н ы л а д ы .

(7) [Айрықшалықтар] (а) Уағдаласушы тарап осы қағиданың авторлықтағы өзгеріске қатысты қолданылуын алып тастай алады. Авторлық деген ұғым қолданылатын заңнамаға сәйкес белгіленеді.

(b) Уағдаласушы тарап, осы қағиданың осы Уағдаласушы тарапта патентті қайта беру рәсіміне сәйкес түзетілуі тиіс кез келген қатеге қатысты қолданылуын алып тастай алады.

## 19-қағида

### Өтінімді оның нөмірінсіз сәйкестендіру тәсілі

(1) [Сәйкестендіру тәсілі] Егер өтінімді нөмірі бойынша сәйкестендіру қажет болса, бірақ осындай нөмір әлі берілмеген немесе мүдделі тұлғаға немесе оның өкіліне белгілі болмаса, егер осы тұлғаның қалауы бойынша мына мәліметтердің бірі:

(i) бар болған жағдайда ведомство берген уақытша нөмір;  
(ii) өтінім ведомствоға жіберілгенде күні көрсетіліп онымен бірге жөнелтілген ө т і н і ш т і ң к ө ш і р м е с і ;

(iii) өтінім беруші немесе оның өкілі өтінімге берген және өтінім берушінің аты немесе мекенжайы, өнертабыстың атауы және ведомствоға өтінім жіберілген күнімен бірге өтінімде көрсетілген істің нөмірі ұсынылса өтінім бірдейлендірілді деп саналады.

(2) [Өзге талаптарға тыйым салу] Бірде бір Уағдаласушы тарап, өтінімді теңдестіру мақсатында, егер оған әлі нөмір берілмесе немесе мүдделі адамға немесе оның өкіліне белгілі болмаса, (1)-тармақта аталғандардан басқа бірдейлендіру құралдарын ұсынуды талап ете алмайды.

## 20-қағида

### Үлгілік халықаралық бланкілерді бекіту

(1) [Үлгілік халықаралық бланкілер] (а) Ассамблея 14(1)(с)-бапқа сәйкес Үлгілік х а л ы қ а р а л ы қ б л а н к і л е р д і :

( i ) с е н і м х а т қ а ;

(ii) аты немесе иеленушінің өзгеруі туралы жазбаны енгізу туралы өтінішке;

(iii) өтінім берушінің немесе иеленушінің өзгеруі туралы жазбаны енгізу туралы ө т і н і ш к е ;

(iv) құқықтарды басқаға беру туралы куәлікке;

(v) лицензия туралы жазбаны енгізу немесе күшін жою туралы өтінішке;

(vi) кепіл туралы жазбаны енгізу немесе күшін жою туралы өтінішке;

(vii) қатені түзету туралы өтінішке қатысты 25(1)-бапта аталған тілдердің ә р қ а й с ы с ы н д а б е к і т е д і .

(2) [3(2)(i) қағидада аталған өзгерістер] Ассамблея Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес өтінім бланкісіне 3(2)(i) қағидада аталған өзгерістерді бекітеді.

(3) [Халықаралық бюро енгізген ұсыныстар] Халықаралық бюро Ассамблеяның қ а р а у ы н а :

(i) (1 )-тармақта аталған Үлгілік халықаралық бланкілерді бекітуге;

(ii) Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес өтінім бланкісіне (2)-тармақта аталған өзгерістерге қатысты ұсыныстарды енгізеді.

## 21-қағида

### 14(3)-бапқа сәйкес бірауыздан қабылдауды талап ету

М ы н а қ а ғ и д а л а р д ы :

(i) 5(1)(a)-бапқа сәйкес кез келген қағидаларды;

(ii) 6(1)(iii)-бапқа сәйкес кез келген қағидаларды;

(iii) 6(3)-бапқа сәйкес кез келген қағидаларды;

(iv) 7(2)(a)(iii)-бапқа сәйкес кез келген қағидаларды;

(v) 8 ( 1 ) ( a ) қ а ғ и д а н ы ;

(vi) осы қағиданы бекіту немесе оларға түзетулер енгізу бірауыздан қабылдауды талап етеді.

2000 жылғы 1 маусымда Женева қаласында Патент құқығы туралы Шарттың мемлекет тіліндегі дәлме-дәл көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р л і г і

З и я т к е р л і к м е н ш і к қ ұ қ ы ғ ы

комитетінің төрайымы

Л. Стамбекова

2000 жылғы 1 маусымда Женевада жасалған Патент құқығы туралы шарттың қытай тіліндегі дәлме-дәл көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і

Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ д е п а р т а м е н т і н і ң

Басқарма бастығы

Б. Пискорский

**РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Келісімнің мәтіні ағылшын, француз және қытай тілдерінде берілген.**